

А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

ҰЛЫЛЫҚҚА
ТАҒЫМ

6

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №70 (6632) 5 тамыз, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қазақстан мен БҰҰ әріптестігінің жаңа деңгейі:

МӘНІ ЗОР САПАР

Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының өңірлік орталығы ашылды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен келіссөз жүргізді

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриштің 2025 жылдың тамыз айында Қазақстанға ресми сапармен келуі – ел тарихындағы, тіпті Орталық Азиядағы аса маңызды геосаяси оқиғалардың біріне айналды. Сапар аясында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығының ашылуы – еліміз үшін де, аймақ үшін де – ірі жетістік.

Жаһандық саясаттағы ықпалды тұлғаның Алматыға арнайы келуі – Қазақстанның аймақтық және жаһандық деңгейдегі беделін айғақтайтын оқиға. Сондықтан бұл сапардың еліміз үшін мән-маңызы зор дер едік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Бас хатшы Антониу Гутерриштің арасындағы жоғары деңгейдегі келіссөз – Қазақстан мен БҰҰ арасындағы 30 жылдан астам сындарлы әріптестікті жаңа сапалық деңгейге көтерді.

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады».

АБАЙ.

МЕГАПОЛИС

ЭЛЕКТРМОБИЛЬДЕР ЭРАСЫ:

Алматы халықаралық әуежайында Almaty Airport Taxi өз жұмысын бастады

Бұл жаңа ресми сервис қала тұрғындары мен қонақтарына көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

Almaty Airport Taxi сервисінің іске қосылуы – жолаушылардың жайлы, қауіпсіз және ашық қызметке деген сұранысына берілген нақты жауап. Жоба заңсыз тасымалдар мен бейресми такси қызметтерінің артуына байланысты туындаған мәселені шешуге, сондай-ақ қалаға келген алғашқы сәттен бастап оң әсер қалыптастыруға бағытталған.

Бастапқы кезеңде жолаушыларға бірыңғай заманауи стильде брендтелген 40 BYD Qin Plus электрмобилі қызмет көрсетеді. Бұл көліктер экологиялық таза әрі жоғары жайлылық стандарттарына толық сай келеді. Жүргізушілер арнайы дайындықтан өтіп, жолаушылармен кәсіби деңгейде жұмыс істеуге дағдыланған. Тапсырыстарды динамикалық үлестіру жүйесі бойынша бөлу арқылы көлікті орта есеппен 5 минут ішінде шақыртуға болады. Жолақы бағытқа қарай үш аймаққа бөлінген тұрақты тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Барлық шарттар ашық көрсетіледі, жасырын қосымша төлемдер жоқ. Жолақыны банктік картамен, төлем тер-

миналы арқылы немесе QR-кодпен төлеуге болады. Жыл соңына дейін автопарк 10 бизнес-класс санатындағы көлікпен толығады. Сонымен қатар, қазан айында әрқайсысы 14 жолаушыға арналған 4 шағын автобус (шаттл) іске қосылады. Олардың әрқайсысында инклюзивті кеңістік және жүк салатын арнайы орын қарастырылған.

Almaty Airport Taxi – экологияны, заманауи технологияларды және клиентке бағдарланған қызметті үйлестіре отырып, қалалық сервисінің жаңа эталонына айналмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006

САРАПТАМА

Қазақстан мен БҰҰ әріптестігінің жаңа деңгейі:

МӘНІ ЗОР САПАР

Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының өңірлік орталығы ашылды

(Басы 1-бетте)

ҚАЗАҚСТАН – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН
ДИАЛОГ СИМВОЛЫ

Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған БҰҰ-ның өңірлік орталығын Алматыда ашу – тек Қазақстан үшін емес, бүкіл аймақ үшін тарихи қадам ретінде сипатталып отыр. Бұл – жаһандық құрылымның аймақты маңызды серіктес ретінде мойындауы, әрі тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы Қазақстанның беделі мен рөлін жоғары бағалауы.

– Қазақстан – бейбітшілік пен диалог символы, халықтар арасындағы алтын көпір әрі көптеген жағдайда әділ мәмілелер екенін көрсетіп келеді. Бұған осыдан ондаған жыл бұрын ядролық қарудан бас тарту туралы тарихи шешім негіз қалады. Бұл шын мәнінде, бүкіл әлем үшін өнегелі іс болды. Өркениеттердің қақтығысы туралы сөз қозғалғанда, Қазақстан өз тәжірибесі арқылы түрлі діндер және мәдениет өкілдері арасында диалог пен ынтымақтастық орнату мүмкін екенін дәлелдеді. Бұл Сіздің бастамаларыңыздан анық байқалады. Сіздер әрдайым әлемді ауызбіршілік пен бауырластыққа үндеп келесіздер, – деді Бас хатшы.

Кездесуде БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы қызметінің перспективасы, Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесі, халықаралық және өңірлік күн тәртібі, сондай-ақ басқа да өзекті тақырыптар талқыланды.

АЛМАТЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш Қазақстан Үкіметі мен Ұйым арасында БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

БҰҰ өңірлік орталығының Алматыда орналасуы кездейсоқ шешім емес. Алып мегаполис бүгінде Орталық Азиядағы іскерлік, ғылыми, мәдени және дипломатиялық диалогтың тоғысқан ордасына айналып келеді. БҰҰ Орталығы арқылы Алматының жаһандық институттармен байланысы күшейіп, аймақтық стратегияларды үйлестіруде шешуші рөл атқаратыны анық. Орталықтың ерекшелігі – өзге құрылымдарды қайталамай, керісінше оларды толықтыруында. Бұл – жаһандық даму күн тәртібін нақты өңірлік сұраныс пен шынайы қажеттілікке бейімдеудің ұтымды жолы. Президенттің айтуынша, Орталық Азия елдері қазір үлкен трансформация кезеңін бастан кешіріп отыр: экономиканы әртараптандыру, адам капиталын дамыту, әділетті әрі ашық басқару модельдерін енгізу – осының бәрі тұрақты даму мен саяси реформалардың үйлесімділігін талап етеді. Сондықтан Алматыдағы БҰҰ Орталығы тек консультативтік емес, сонымен қатар нақты жобалар мен өңірлік ықпалдастықтың катализаторына айналмақ. Ол өңір елдерінің орнықты дамуына, экономикалық әріптестігіне және инновациялық ілгерілеуіне серпін беретін құрылым болмақ. Бұл – Қазақстанның дипломатиялық, экономикалық және адами әлеуетінің мойындалуы деген сөз.

Қол қойылған келісім арқылы Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталықтың құрылуы ресми түрде бекітілді. Бұл – Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ұзақ



мерзімді және жемісті ынтымақтастықтың маңызды кезеңі басталғанын білдіреді. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда басты рөл атқаруға тиіс.

– Бүгінде Орталық Азия бірлігі бекем және тату көршілік пен ортақ прогресс қағидаттарына бейіл өңір екенін паш етіп келеді. Аймақ елдері саяси және әлеуметтік реформалар жүргізіп, экономиканы әртараптандыру бойынша батыл шаралар қабылдап жатыр. Адам капиталын дамытуға күш салып, анағұрлым инклюзивті институттар құруды қолға алды. Біз халықаралық өзекті мәселелерді шешуге белсенді араласатын мәмілелер ретінде Орталық Азияның әлеуетін ашуға және жаһандық аренада конструктивті әрі келешекті көздеген күн тәртібін дәйекті түрде ілгерілетуге ұмтыламыз. Осы орайда Алматы қаласында БҰҰ өңірлік орталығын ашу уақытылы және стратегиялық тұрғыдан маңызды қадам болып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

АСТАНАДА ӨНІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
САММИТ ӨТЕДІ

Сапар аясында жарияланған маңызды бастамалардың бірі – 2026 жылы Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммит. «Арал теңізіндегі экологиялық дағдарыс пен Каспий теңізінің тартылуы сияқты Орталық Азия проблемалары баршаға белгілі. Бұл түйткілдердің тиімді шешімін табу үшін өңірлік ықпалдастықты нығайтып, оған Біріккен Ұлттар Ұйымын белсенді түрде тарту қажет. Осы ретте Қазақстан келесі жылдың сәуір айында Астанада БҰҰ агенттіктерімен бірге Өңірлік экологиялық саммит өткізеді», – деді Мемлекет басшысы.

Бұл – Қазақстанның климаттық саясаттағы жаңа рөлін айқындайтын оқиға болмақ. Арал мен Каспий теңіздерінің экологиялық күйзелісі, су ресурстарының тапшылығы, ауа сапасы және биоалуандылықты сақтау – өңір елдеріне ортақ қауіптер. Мұндай форумдар арқылы экология мәселелері тек талқылау тақырыбы емес, нақты халықаралық әрекетке ұласуы тиіс. Ал Қазақ елі БҰҰ-мен бірге аталған проблемаларды шешуде бастамашыл

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Антониу ГУТЕРРИШ,
БҰҰ Бас хатшысы:

«МЕН ҮШІН ҚАЗАҚСТАН – ДАНАЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ»

Мен Президент Тоқаевтың сарабдал саясаты мен көшбасшылығын жоғары бағалаймын. Оның бастамалары әлемдік тәртіпте рөлі артып келе жатқан Орталық Азияның жаңа келбетін қалыптастыруға ықпал етуде. Бүгінде Қазақстан теңізге шыға алмайтын ел санатына жатпайды. Біз мұны сенімді түрде айта аламыз. Автокөлік және темір жол дәліздері, талшықты-оптикалық желілері арқасында Қазақстан жаһандық сауда жүйесінің, әлемдік логистиканың, көлік және телекоммуникацияның орталығына айналды. Сіздердің елдеріңіз шын мәнінде Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы көпір болып отыр.

Қазақстанға шын жүректен тәнтімін. Мен үшін Қазақстан – даналықтың символы, халықтар арасына дәнекер болып, бейбітшілікке үндейтін ел. Бұл – түрлі этнос пен дін өкілдері бас қосып, ортақ келешекке апаратын жолды бірге іздейтін мекен. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқанын ешқашан ұмытпаймын. Осы шешімнің нәтижесінде Сіздердің елдеріңіз бейбітшілік пен қарусызданудың символына айналды. Бүгінгі таңда бұл өте өзекті. Қазақстан әрдайым парасаттылық танытқан әрі сол биігінде қалады. Өкінішке қарай, қазіргі әлемге осындай байыпты ұстаным жетпей тұр.

ел ретінде танылып келеді. Астанада өтетін саммит осы бағыттағы алғашқы үлкен сынақты қадам болмақ.

Талқыға түскен тағы бір өзекті тақырып – Ауғанстандағы жағдай. Қазақстан бұл елмен тарихи-мәдени тамыры ортақ, әрі көршілес мемлекет ретінде гуманитарлық және экономикалық қолдау көрсетуді жалғастырып келеді. Сауда көлемінің тұрақты артуы, білім беру, азық-түлік қауіпсіздігі мен инфрақұрылымдық жобалар – бұл тек көрші елге көмек қана емес, оны бейбіт өмірге ынталандырудың нақты тетіктері. Президент атап өткендей, бейбітшілік пен даму – бірінен-бірі ажырамас ұғымдар.

САЯСИ БАҒДАРҒА – ЖОҒАРЫ БАҒА

Мемлекет басшысы Қазақстан Орнықты даму мақсаттарын өзінің ұлттық стратегиясының басымдықтары ретінде қарастыратынын айтты.

– Біз адамның негізгі құқықтарын қамтамасыз ететін, жоғары экологиялық стандарттарды сақтайтын Әділетті мемлекет

құрғымыз келеді. Цифрландыру мен жаңанды интеллектіні одан әрі дамытуға баса мән береміз. Сондай-ақ, Қазақстанды халықаралық жүк тасымалы бойынша еуразиялық хабқа айналдыру үшін әртараптандырылған көлік инфрақұрылымын қалыптастыруға күш саламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ал Антониу Гутерриш Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында өңір үшін жаңа кезеңнің басталғанын айтты. Орталық аймақ көшбасшылары арасындағы берік байланыстардың жан-жақты экономикалық интеграцияға қалай ұласатынын көрсететіндей әлеуетке ие. Бұл – ортақ басымдықтар мен бірлескен шешімдерге негізделген Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың жаңа дәуірін білдіреді. Мәртебелі мейман Түркіменстанда өтетін теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның үшінші конференциясы қарсаңында Алматыға келгеніне қуанышты екенін жеткізді. Бас хатшы Қазақстанның ішкі саяси бағдары мен сыртқы саясатына жоғары баға берді.

Төрехан ДАНИЯРОВ.
(Дереккөз: www.akorda.kz).



Таяу Шығыс:

ҮМІТ пен ҮРЕЙ

Палестина тағдыры шешімі жоқ шиеленісті мәселеге айнала ма?

Батыс елдері бірінен соң бірі Палестинаны тәуелсіз мемлекет ретінде мойындау туралы шешім қабылдағанын мәлімдеуде. 24 шілдеде Франция президенті Эммануэль Макрон биыл қыркүйекте өтетін БҰҰ БА сессиясында Палестинаны мойындайтынын хабарлады. 29 шілдеде Ұлыбританияның премьер-министрі Кир Стармер сессия алдында, 31 шілдеде Канаданың премьер-министрі Марк Карни сессия кезінде мойындайтынын мәлімдеген. Осы күзде Палестина шынымен де тәуелсіз мемлекет ретінде мойындалып, БҰҰ-ның ресми мүшесіне қабылдана ала ма?

ЕЛ МӘРТЕБЕСІН
МОЙЫНДАУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Палестинаның тәуелсіздігін мойындау мен оны БҰҰ-ға мүше ретінде тану күрделі тарихи үдеріс. Ұйымға мүше болу үшін мемлекеттер оның жарғысында көзделген міндеттер мен жауапкершілікті қабылдауы тиіс. Сондай-ақ, ұйымға мүше мемлекеттер оның тәуелсіздігін мойындауы керек. Мемлекеттерді БҰҰ-ға мүшелікке қабылдау Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынымы бойынша Бас Ассамблеяның шешімімен жүзеге асырылады.

Мүше ретінде қабылдау күрделі рәсімнен тұратын үдеріс. Алдымен БҰҰ-ға мүше болуға ниет білдірген мемлекет Бас хатшыға

өтініш білдіреді. Өтініш Қауіпсіздік Кеңесінде қаралады.

Кеңестің 15 мүшесінің кемінде 9-ы оны қолдап дауыс берсе және 5 тұрақты мүше (Қытай, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Патшалығы, АҚШ пен Франция) қарсы дауыс бермесе өтініш қабылданады.

Егер Қауіпсіздік Кеңесі қабылдауға қатысты ұсыным берсе, ол Бас Ассамблеяның қарауына ұсынылады. Бірақ жаңа мемлекетті қабылдау үшін Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің дауысы қажет. 2025 жылғы жағдай бойынша БҰҰ-ға 193 мемлекет мүше. Демек, кемінде 129 мемлекет қолдап дауыс беруі тиіс. Қазір 147 мемлекет Палестинаны тәуелсіз мемлекет ретінде таныған. Бірақ бұл ел әлі күнге дейін мүшелікке өте алмай отыр. 2012 жылдан бері бақылаушы мемлекет мәртебесінде БҰҰ жұмысына араласуда. Бірақ дауыс беру құқығына ие емес.

Палестинаның ұйымға мүше болуына не кедергі? Басты себепті Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің ұстанымынан іздеу қажет. Осы уақытқа дейін АҚШ, Ұлыбритания мен Франция Палестинаны тәуелсіз мемлекет ретінде мойындамай келген. Ұлыбритания мен Франция басшыларының соңғы мәлімдемелерін ескерсек, қыркүйекте олар өз ұстанымын өзгертеді. Бұған мына факторлар әсер етті:

- Израильдің Газа секторындағы әскери әрекеттері мен одан кейінгі гуманитарлық дағдарыс. Таяу шығыстағы гуманитарлық дағдарыс бұл елдердегі

қоғамдық пікірді өзгертті. Осылайша билік халықтың пікірін ескеріп, Палестинаны қолдауда.

- АҚШ президентінің Еуропаға қарсы тарифтік қысымы. Дональд Трамптың сыртқы саясаты еуропалықтарды біріктірді. Ұлыбритания Еуроодаққа қайта оралуды жоспарламаса да, екіжақты байланыс нығаяуда. Палестина бағытындағы ұстанымдарының өзгеруіне осы сыртқы фактор әсер етті.

Франция Палестинаны мойындайтынын нақты айтса, Ұлыбритания Израиль Газадағы әрекеттерін тоқтатпаса осындай қадамға баратынын мәлімдеген. Ал Ресей (1988 ж. 19 қараша) мен Қытай (1988 ж. 20 қараша) Палестинаның тәуелсіздігін мойындаған. Қыркүйекте Палестинаны БҰҰ-ға мүшелікке қабылдау туралы ұсыныс талқыға түссе Мәскеу мен Бейжің сөзсіз қолдайды.

АҚШ ВЕТО ҚОЮЫ МҮМКІН

Әзірге АҚШ-тың ұстанымы анық емес. Трамп Э.Макронның мәлімдемесі ешнәрсені шешпейді деді. К.Стармердің мәлімдемесіне үн қатпады. Ал Канаданың премьер-министрі М.Карнидің сөздеріне Трамп қатаң жауап берді. Оның сөзінше, Канада мұндай қадамға барса, екі ел арасындағы сауда келісіміне келу қиындайды.

Трамптың жауаптарынан қыркүйекте АҚШ Палестинаның өтінішіне вето қоятынын болжауға болады. Қала берді, Израиль АҚШ-тың Таяу Шығыстағы негізгі стратегиялық серіктесі. Иранды әлсіретуде Израиль

қолдау көрсетті. Сондықтан Вашингтон стратегиялық серіктесінің мүддесін ескереді. Ветонның орнына «қарсымын» деп дауыс беру де мүмкін. Қалай дауыс берсе де Палестина ның тәуелсіздік мәселесі тағы да кейінге қалады.

Сондай-ақ, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелерінің де ұстанымын ескеру қажет. Себебі, 15 мүшенің 9-ы қолдауы тиіс. Биыл Алжир (1988 ж.), Дания, Грекия, Гайана (2011 ж.), Пәкістан (1988 ж.), Панама, Корей Республикасы, Сьерра-Леоне (1988 ж.), Словения (2024 ж.), Сомали (1988 ж.) елдері тұрақты емес мүшелер. Олардың 6-ауы Палестинаны тәуелсіз мемлекет ретінде таныған. Демек, Палестинаның өтінішін қолдайды. Ал Дания, Грекия, Панама және Корей Республикасы мойындамаған, сондықтан АҚШ-тың ұстанымын қолдауы мүмкін. Әзірге 4 мемлекет ешқандай мәлімдеме жасамады.

Қазақстан Палестинаны 1992 жылы 6 сәуірде тәуелсіз мемлекет ретінде таныған. Егер БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Палестинаның өтінішін қанағаттандырса Бас Ассамблеяда дауыс беру рәсімі өтеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ӘЛЕУМЕТ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА СҰРАНЫС БАР

Шаһарда еңбекке қабілетті барлық азамат үшін жұмыспен қамтудың тиімді тетіктері іске қосылған

Үкімет әлеумет үшін барлық мүмкіндікті жасап отыр. Жылда бюджеттің басым бөлігі халықтың тұрмыстық жағдайын көтеруге, жақсы өмір сүруі үшін бөлінетіні соған дәлел. Біз бүгін Алматы сынды алып мегаполис тұрғындарының жұмыспен қаншалықты қамтылғаны туралы айтамын боламыз.



Нұржамал
ӘЛІШ

Алматыда халықты жұмыспен қамту жұмыстары Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. 2023 жылғы 1 шілдеде күшіне енген аталған кодекске сәйкес шаһарда Еңбек мобильділігі орталығы жұмыс істейді. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты бұл орталық мегаполистің жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысқа талдау және болжам жасайды, халықты өңірдің еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар етеді және Мансап орталығын басқарады.

Жұмыс іздеуші алматылықтар қалалық Еңбек мобильділігі орталығы арқылы жұмыспен қамтудың белсенді іс-шараларына тартылады. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен, қоғамдық жұмыстармен, «Жастар практикасымен», «Күміс жас» және «Алтын жас» жобаларымен қамтылады, сондай-ақ қысқа мерзімді кәсіптік білім алуына қолдау көрсетіледі.

Бытыр Алматыда еңбек жолын жалғастырғысы келетін белсенді зейнеткерлерге қолдау көрсету мақсатында «Алтын жас» жобасы іске қосылған болатын. Осы бағдарламамен өткен жылы – 704 зейнеткер, ал биыл (30 шілдеге дейін алынған мәліметке сүйенсек) 363 зейнеткер жұмысқа орналасты. Жалпы, бағдарлама бойынша 1067 зейнеткер еңбекпен қамтылды. Басты мақсат – еңбекке қабілетті барлық азамат үшін жұмыспен қамтудың тиімді тетіктерін жасау және мемлекеттік қолдауды толық іске асыру.

Сонымен қатар, жұмыс іздеушінің мамандығы мен біліктілігіне сәйкес, жұмыссыз



Қолжазба жасаған Нұрболан Өрісұлы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділет ЖАҢАБАЕВ,
Алматы қаласының Еңбек
мобильділігі орталығының
директоры:

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ

Бізде халықты жұмыспен қамтудың барлық тетігі қарқынды түрде іске қосылған. Оның ішінде жастарға да үлкен қолдау көрсетілуде. Мәселен, 1,9 мыңнан астам жас кәсіпкер «Бастау Бизнес» жобасы аясында қолдау тапты. 2,9 мыңнан астам азамат кәсіби оқудан өтті. Қысқамерзімді кәсіби оқыту мен жастар тәжірибесі бағдарламалары да табысты іске асуда. Қазіргі таңда 505 адам қысқамерзімді кәсіби оқытуға жолдама алды.

Бағдарлама шеңберінде мемлекет оқып жатқан азаматтарға ай сайын 43 574 теңге көлемінде стипендия немесе 20 АЕК мөлшерінде еңбекақы төлейді. Сонымен қатар, оқу орталықтарына немесе жұмыс берушілерге оқыту қызметі үшін мемлекет ай сайын 70 мың теңге төлейді. Оқуды аяқтаған азаматтарды жұмыс беруші кемінде 6 айға жұмысқа алуы тиіс. Бүгінде жұмыссыз азаматтар кәсіби дағдысын растау мүмкіндігіне ие болып отыр. Осы мақсатта ваучерлік жүйе енгізілді. Бұл бір реттік ваучер өз кезегінде жұмысқа орналасуды жеңілдетеді. Ваучерлер кәсіби біліктілікті тану орталықтары арқылы беріледі және жұмыссыздар үшін бұл қызмет тегін. Ваучер алу үшін азаматтың «жұмыссыз» мәртебесі болуы, Career Enbek платформасына тіркеліп, жеке кабинет арқылы онлайн өтініш беруі қажет.

15 534-і жастар. Жұмыссыз мәртебесін ресми түрде 31 983 адам алған, оның 12 321-і жастар. Биылғы 17 шілдеге дейінгі алынған есеп бойынша, Алматыда 21 838 адам (оның 7722-сі жастар) жұмыспен қамтылған болса, соның ішінде қысқа мерзімді курстарға – 450 адам (жастар – 157), «Бастау бизнес» жобасымен оқытуға – 1853 адам (жастар – 793), Skills онлайн-платформасында білім алуға 2881 адам (жастар – 807) жіберілді.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға жұмыс сапары аясында шаһар басшысы Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Президентке шаһардың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен алдағы жоспарлары туралы баяндалды. Биылғы бірінші жартыжылдықта қысқа-мерзімді экономикалық индикатор 11 пайызға өскен. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 25,4 пайызға артты.

Мемлекет басшысына қаланың орталық бөлігіне түсетін жүктемені азайтуға, инфрақұрылымды теңгерімді бөлуге және қалада жайлы орта қалыптастыруға бағытталған полицентристік даму барысы жөнінде мәлімет берілді. Аудандар арасындағы тиімді байланыс пен қоғамдық көлік қызметін жақсартатын транспорт жүйесін құру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шаһардың жоғарғы бөлігінде көппәтерлі тұрғын үйлер салуға және аумақты тарылтатын құрылыс жүргізуге мораторий енгізуді тапсырды. Бұл шектеу Бас жоспарда қарастырылған әлеуметтік нысандар мен туристік кластер жобаларына қатысты емес.

Бұдан бөлек, Президент Бас жоспарға табиғи ортаны қорғауды күшейтуге, қаланы жүйелі дамытуға және тау бөктеріндегі құрылыстың алдын алуға арналған өзгерістерді уақыт оздырмай енгізу міндетін жүктеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



МЕГАПОЛИС



ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗ!

Алматыда демалыс күнгі жәрмеңкелер желісі кеңейіп жатыр. Алмалы және Жетісу аудандарында жаңа сауда алаңдары ашылады. «Алматы» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының («Алматы» ӘКК) ұйымдастыруымен бұл игі бастаманың аясы одан әрі ұлғайып, қаланың әр түкпірін қамтып келеді.

Алмалы ауданындағы жаңа жәрмеңке алаңы жұмысын тамыз айынан бастады. Сондай-ақ, Жетісу ауданында да жаңа сауда орны ашылады. Бүгінде демалыс күнгі жәрмеңкелер Алматының Алмалы, Әуезов, Бостандық, Медеу және Алатау сынды бес ауданында тұрақты түрде өтіп келеді. Жаңа алаңдардың іске қосылуы қала тұрғындарына фермерлер мен жергілікті өндірушілерден табиғи әрі жаңа өнімдерді делдалсыз, қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда жәрмеңкелерге 328 ауыл шаруашылығы өндірушісі өнімдерін ұсынып отыр. Мұнда жаңа піскен көкөністер мен жемістерден бастап, нан, ет және сүт өнімдері, бал, кептірілген жемістер мен ара шаруашылығы өнімдеріне дейін мол таңдау бар.

Барлық өнім Алматы облысының Қарасай, Іле, Талғар, Жамбыл және Еңбекшіқазақ аудандарындағы фермерлік және жеке шаруашылықтардан, сондай-ақ, Алматының жеткізушілерінен келіп түседі.

Орта есеппен алғанда, бір демалыс күнінде жәрмеңкелерде 800 тоннадан астам өнім саудаланады.

Апта сайын 45 мыңнан астам алматылық пен қала қонақтары келетін жәрмеңкелер сенбі және жексенбі күндері сағат 09.00-ден бастап 18.00-ге дейін жалғасады. Жәрмеңкелер мекенжайлары:

- Алмалы ауданы – Масаншы көшесі (Әйтеке би және Гоголь көшелерінің арасы);
- Әуезов ауданы – Өтеген батыр көшесі (Абай даңғылының төменгі жағында);
- Бостандық ауданы – «Қазақфильм» шағынауданы (әл-Фараби даңғылының жоғарғы беткейінде);
- Медеу ауданы – Меңдіқұлов бульвары мен Бектұров көшесінің қиылысы;
- Алатау ауданы – «Мәдениет» тұрғын үй кешені.

Бостандық ауданы:

ЖАҢА САЯБАҚ

Шаһар басшысы жаңа қоғамдық кеңістіктің абаттандырылу жұмыстарын тексерді



Бостандық ауданында жаңа саябақ салынады. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды «Оңтүстік» саябағының солтүстігіндегі жаңа жасыл аймақтың құрылыс барысымен танысты. Жалпы аумағы 4,1 гектар болатын жаңа саябақ Жароков пен Си Синхай көшелерінің қиылысында, «Оңтүстік» саябағының солтүстігінде орналасқан.

Қазіргі таңда аумақта жаяу жүргіншілерге арналған жолдар төселді, балаларға ойнауға ыңғайлы алаңқайлар орнатылып, жарықтандыру жүйесі мен шағын сәулеттік элементтер қойылып жатыр. Көгалдандыруға ерекше көңіл бөлініп, 120-дан астам ірі ағаш, атап айтқанда жөке, талшын және қарағай отырғызу көзделген. Жаңа саябақ алматылықтардың тынығып, серуендейтін заманауи әрі жайлы мекеніне айналмақ.

Қала әкімі атқарылатын істі бұл-жытпай уақытылы әрі сапалы орындаудың маңыздылығына ерекше тоқталды. «Мердігерлерге нақты тапсырма берілді, құрылыс белгіленген уақытта әрі тиісті деңгейде аяқталуға тиіс. Қала тұрғындарына сапалы жұмыс керек, біз мерзімнің созылып кетуіне немесе атүсті жасауға жол бермейміз. Егер тәртіп бұзушылықтар анықталса, қатаң шаралар қолданамыз», – деді Дархан Сатыбалды. Жобаға салғырт қараған орындаушылардың жеке жауапкершілігі бар екенін де еске салды. Қала басшысының тапсырмасы бойынша құрылыс жұмыстарын үш ай ішінде толық аяқтау жоспарланып отыр.

ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

инклюзивті ортаны қалыптастырады

Әл-Фараби даңғылы және Дулати көшелерінің қиылысында заманауи FLOW парк спорт саябағының құрылысы жүргізілмек. Жоба жеке инвесторлар «Kusto Home» ЖШС және «Time Group Construction» ЖШС-нің қолдауымен жүзеге асырылады.

Құрылысқа 3 млрд. теңге қаржы құйылған. Саябақ құрылысы тек демалушылық қаражат есебінен жүргізілетіндіктен, бұған мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбейді.

FLOW саябағы қала тұрғындары мен қонақтары үшін салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуға және белсенді демалысқа арналған жаңа демалыс орынға айналмақ. Саябақ аумағында велосипед және жаяу жүргіншілер жолақтары, ашық аспан астындағы жаттығу құрылғылары, ойын және спорт алаңдары, сондай-ақ, тынығуға және сергітуге арналған аймақтар орналастырылады.



FLOW саябағын салу – мегаполистегі әрбір тұрғын мен қонаққа белсенді әрі сапалы демалысқа арналған қолжетімді, қауіпсіз және инклюзивті қалалық орта қалыптастыру жолындағы кезекті маңызды қадам.

Дана САДЫРҚАН.



ДИАЛОГ АЛАҢЫ

АРБАТТАҒЫ ҚАРБАЛАС:

Тұрғындар құқық қорғау органдарынан тікелей кеңес алды

Түркісіб ауданының тұрғындары үшін Арбат ерекше қарбаласқа толы болды. Мұнда аудан әкімдігімен бірлесе ұйымдастырылған ақпараттық іс-шара өтіп, құқық қорғау органдарының өкілдері жұртшылыққа ашық кеңес берді.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Кездесуге Алматы қаласы экономикалық тергеу қызметінің, Түркісіб ауданы прокуратурасының және аудандық учаскелік бөлімнің өкілдері қатысты. Олар тұрғындарға сыбайлас жемқорлық, экономикалық алаяқтық, микрозайм және несие мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, комьюнити-орталығының резиденттері мен волонтерлар ақпараттық парақшалар таратып, тұрғындарға бағыт-бағдар берді.

– Елде өтіп жатқан «Заң мен тәртіп» науқаны аясында біз халықпен ашық байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Аудан тұрғындары кез келген сұрағын тікелей прокуратура, экономикалық тергеу қызметі немесе полиция өкілдеріне қоя алады. Көбіне адамдар сыбайлас жемқорлыққа тап болғанда қайда жүгіну керегін, қандай құжат дайындау керектігін білмей жатады. Біз сол түсінікті қалыптастырып, нақты кеңес береміз, – деді Түркісіб ауданы комьюнити-орталығының жетекшісі Қадырбек Файзуллаев.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ

қалай бақыланады?

Әділет департаменті 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізілген бақылау мен қадағалау жұмысының қорытындысын шығарды. Нотариус, адвокат, құқықтық консультант қызметі мен халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасы басты назарда болды. Осы орайда Алматы қаласы Әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева құқықтық қызметтерді бақылау күшейгенін мәлімдеді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ШАҒЫМДАР МЕН ЖАЗАЛАР

Алматыда 964 нотариус жұмыс істейді. Алайда, олардың бәрі бірдей заңды сақтай бермейді. Осы кезеңде нотариустардың әрекетіне қатысты 419 шағым түскен. Оның 27-сі расталған. 4 нотариустың лицензиясы тоқтатылып, тағы 8 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Лицензиядан айыру туралы іс қозғалып, нотариустардың өтініші бойынша лицензиясын тоқтатқан. Бір нотариус сот шешімімен лицензиясынан айырылған, бірақ бұл шешім әлі күшіне енген жоқ. Сонымен қатар, нотариустардың 23-іне нота-

риалдық қызметтерді орындау кезінде заң бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік іс қозғалды. Былтыр 18 іс болған.

Алматыда 1100 адвокаттың 11-іне шағым түскенімен, біреуіне тәртіптік жаза қолданылды. Жеке сот шешімі бойынша тағы бір адвокат айыпталып, сөгіс алды, бір іс заң бұзбағанына байланысты тоқтатылды. Сот шешімімен үш адвокат лицензиясынан айырылып, тағы екі адвокат басқа себеппен жұмысын тоқтатты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мырзахан ЖАҚСЫЛЫҚ, Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаментінің өкілі:

АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК МАҢЫЗДЫ

Біз Алматының барлық аудандарында осындай ашық кездесулер өткіземіз. Негізінен тұрғындар жиналатын саябақтарда ұйымдастырып, заңгерлік кеңес береміз. Прокуратура, полиция, экономикалық тергеу департаменті өкілдерінің бәрі қатысып, өз саласы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұл іс-шаралар «Заң және тәртіп» қағидасы аясында өтеді. Яғни біз тұрғындарға, әсіресе, жастарға, кез келген құқықбұзушылық үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылатынын айтамыз. Азаматтық жауапкершілік маңызды. Соңғы кезде қаржы пирамидалары көбейгендіктен, дәл осы тақырыпта кеңес жиі беріледі. Қылмыстық кодекстің 217-бабында қаржы пирамидаларын ұйымдастырғандарға қылмыстық жауапкершілік бар екенін түсіндіреміз. Сонымен қатар, вейп сату мен таратуға тыйым салынғанын, бұл бағытта да тексерістер жүргізіліп жатқанын жеткіземіз.

Тағы бір өзекті мәселе – банктік картасын жалға беретін азаматтар. Бұл да қылмыстық заң аясында жауапқа тартылатын әрекет екенін ескертеміз. Өткен айда Алматының сегіз ауданында осындай кездесулер өтіп, шамамен, 1500-ге жуық тұрғын заңгерлік кеңес алды. Олардың арасында жазбаша арыз бергендер де бар, олар бойынша процессуалдық шешімдер қабылданып жатыр.

АЛМАТЫ ТАУЛАРЫ:

өрттің алдын алу
іс-шаралары күшейтілді

Алматы қаласының «Қазәуеорманқорғау» РМҚК әуе бөлімшесі қазіргі заманғы технологиялар мен әуе күштерін пайдаланып, орман қорын әуеден бақылауды жалғастыруда. Өрттің алдын алу, уақытылы анықтау, жылдам әрекет ету мен тұрғындарды өрт қауіпсіздігі ережелері туралы құлақтандыру осы маусымдағы басты жұмыс болып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Қазәуеорманқорғау» РМҚК –нің қалалық бөлімшесінің жетекшісі Бекзат Байшалов осылай деп мәлімдеді.

Ернұр
РЫСБАЙ

ОҢТҮСТІКТЕГІ ӨРТ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ МАУСЫМ

- Бұл кезең табиғи аумақтарды қорғаумен айналысатын барлық қызметтің үйлесімді жұмыс істегенін талап етеді.

«Қазәуеорманқорғау» РМҚК-ның Алматыдағы әуе бөлімшесі соның ішіндегі ең маңызды сала. Оның қарамағында 672 мың гектар орман қоры бар. Ми-8 сондай-ақ ЕС-145, Н125 және Н130 тікұшақтары бар, сондай-ақ Partenavia ұшағы арнаулы жабдықпен қамтамасыз етілген. Бұлар өрт шыққан жерге су апарып, өрт сөндірушілерді қиын жерлерге жеткізуге, камера мен дрон арқылы айналыны бақылап отыруға мүмкіндік береді. «Жер мен әуені қазіргі заманғы технологиялармен бақылап отырамыз. Стационарлық бақылау құралдарын, мобильді топтар квадрокоптерлерді пайдаланып, өрт сөндіру кезінде қазіргі заманғы химиялық заттарды қолданады», – деп атап өтті Бекзат Байшалов.



Сонымен қатар, өртті анықтау мен сөндірудің жаңа шешімін енгізуге де көп көңіл бөлініп отыр. Мысалы, бөлімшеде жасанды жадты пайдалану арқылы қауіп-қатерді бағалау мен болжау, компьютерлік симуляциялар арқылы персоналды даярлау, қиын жерлерде өрт сөндірудің тиімділігін арттыратын отандық «Stop Fire Plus» құрамын қолдану жоспарланып отыр. «Қауіп-қатерге жауап беріп қана отырмай, алдын алуға ұмтылу керек. Бұған технология ғана емес, адам да араласуы керек», – дейді Бекзат Байшалов.

Алайда, мамандардың айтуынша, тіпті ең озық технологиялар да тәртіп пен адамның орнын баса алмайды. Спикердің тұжырымдауынша, темекі тұқылы да, өртенген шөп те қауіпті. Туристтік аймақтардағы бақылау күшейтілгенмен, азаматтардың өзі бірінші болып сақтықты қолға алмаса болмайды. Құрғақшылық пен ыстыққа байланысты өрт шықпас үшін «Қазәуеорманқорғау» бірқатар алдын алу іс-шарасын ұсынады. Мысалы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға баруға уақытша шектеу қойып, ұйымдасқан туристік топтарды тіркеп, оларға түсіндіру жұмысын жүргізіп, рекреациялық жүктемесі жоғары бағыттарда бақылау бекеттерін орнату. «Біз жұртқа табиғатта демалып қана қоймай, айналаға ұқыпты қарау керектігін де ұқтырғымыз келеді. Әсіресе, қазіргі күн райы осыны талап етіп отыр», – деп түйіндеді Бекзат Байшалов.

Жаһандағы климаттық өзгеріс пен туристердің көбеюіне байланысты орманды әуеден қорғау жағы өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі ең негізгі жұмыс болып қалып отыр. Өрт қаупі басым маусым басталғалы бері 11 орман өрті тіркеліп, оның 5-еуі неден шыққаны анықталған жоқ, бірақ әуеден бақылау арқылы 4 өрт ошағы дер кезінде анықталған, бұлар 67%-ды құрайды. Өрттің жалпы аумағы 51,209 гектарға жетіп, оның 42,309 гектары орман аумағында, 8,9 гектары ормансыз аумақта болған. «Қазәуеорманқорғау» күзетінің қызметкерлері 9 өртті сөндіруге қатысты, бұл мемлекеттік орман қоры аумағында шыққан өрттің 82%-ы. Сонымен қатар, әуе күзеті қызметкерлері мемлекеттік жер қорында болған өртті сөндіруге де қатысты.



А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

ҰЛЫЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ

«Abai akademiasy» энциклопедиялық порталы ашылды



КЕМЕҢГЕР ЖАЙЛЫ 10 ДЕРЕК

1. Абай 1845 жылы дүниеге келіп, 59 жыл ғұмыр кешкен. Тобықты руынан. Туған жері – қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Семей қаласынан 180 шақырым қашықтықтағы Жидебай қыстағы. «Абай» есімін оған әжесі қойған. Ақынның шын аты – Ибраһим. Алайда, әжесі Зере оны бала күнінде еркелетіп «Абай» деп атаған. Бұл есім кейін күллі қазаққа таныс тұлғаға айналды. Шыңғыстауға жақын өз қыстағы аумағында жерленген.
2. Әкесі – Құнанбай Өскенбайұлы сол заманның беделді тұлғасы, аға сұлтан дәрежесі болған. Қажы. Меккеде қажылыққа барған қазақтар үшін арнайы қонақүй салдырған.
3. Хакім тек ақын емес, заңгер, болыс, әділетті би болған. 13 жасынан бастап ел ісіне араласып, 21 жасында болыстыққа сайланған. 1885 жылы Қарамола съезінде 73 баптан тұратын қазақ заң жобасын жазып, ел бірлігін сақтау жолында әділ шешімдерімен танылған.
4. Тоғжан – алғашқы махаббаты. Абай кейін Ділдә мен Әйгерімге үйленеді. Ділдә – әйгілі Қазыбек бидің шөбересі. Ұлы ақын 16 жасында әке атанған. Тұңғышы – Ақылбай. Барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. 36 жасында немерелі болды. Алғашқы немересі – Әубәкір.
5. Абай – қазақ поэзиясының реформаторы, тіл шебері. Ол жазба әдебиеттің негізін қалап, қазақ, орыс, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген. Ертегілер, қиссалар, шығыс поэзиясы – оның ой әлемінің ажырамас бөлігі болды.
6. Абай – аударма әдебиет атасы. Ол Пушкиннің «Татьянаға хатын», Лермонтовтың романтикалық жырларын, Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне бейімдеп, ел санасын оятуға ықпал етті.
7. Абай композитор ретінде де танылған қазақ ән өнерінің көрнекті өкілі. «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ» сынды әуендері – ұлттық рухтың символына айналды. 176-ға жуық өлең, 20-ға жуық ән жазған.
8. Тұңғыш Абайтанушы – Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» мақаласын жазған. Қайым Мұхамедханов – Абай мұрасын аман сақтап қалған тұлға. Қайым ғалым ретінде Абайдың 31 жаңа өлеңін тауып, алғаш Абай музейін ашып, ақынның шәкірттерін анықтап, «Абай мектебі» деген ғылыми ұғымды орнықтырды.
9. Абайға қастандық жасалған. 1898 жылы Мұқыр сайлауында жер дауын шешуге барған Абайға руаралық араздықпен қаруланған топ шабуыл жасайды. Бұл оқиға Абайдың билік жолында қандай қауіп-қатерге барғанын дәлелдейді.
10. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшыл. Оның тоғыз жыл бойы жазған «Қара сөздері» 45 қара сөзден тұрады, ол әлемнің 25-тен астам тіліне, өлеңдері 60-қа жуық тілге аударылған. Әлем Абайды Шығыс пен Батысты жалғаған кемеңгер ретінде мойындайды. Ұлы ойшылдың туғанына 175 жыл толуына орай елімізде «Abai tv» телеарнасы ашылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Елімізде Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған жалпыреспубликалық рухани онкүндік басталды. Тамыздың алғашқы күндері ақын туған өңір – Абай облысы басты мерекелік алаңға айналды. Семейде энциклопедиялық портал іске қосылып, интеллектуалдық ойыннан ұлттық рекорд тіркелді. Рухани маңызы зор іс-шаралар легі тек мәдени аяда ғана емес, білім мен ғылымды ұштастырған, заманауи технологиямен үндестірілген мазмұнда өтіп жатыр.

АБАЙ ЕЛІНЕ ТАРТУ

Мерейтой аясында ел көлемінде бұрын-соңды болмаған жалпыхалықтық эстафета басталды: еліміздің барлық өңірлері жаңадан құрылған Абай облысына мәдени-рухани, әлеуметтік нысандар салып бермек. Бұл – тек бір реттік іс-шара емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғап, аймақтар арасындағы ынтымақтастықты күшейтетін жаңа форматтағы акция ретінде бағаланып отыр. Елдік бірліктің, рухани сабақтастықтың тағы бір жарқын көрінісі.

Этноауыл алаңында қазақ күресі, тоғызқұмалақ, садақ ату, асық ату секілді дәстүрлі ойындармен қатар, каратэ, таеквондо, гір көтеру сияқты заманауи спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Бұл – қазақтың рухы мен дене тәрбиесін тұтас ұғындыратын алаң.

«АБАЙ QUIZ» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

Семейде республикалық «Абай QUIZ» зияткерлік сайысы да ерекше ұйымдастырылды. Хакім тұжырымдағандай, «Адам

ҰЛТТЫҚ РУХ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, онкүндіктің алғашқы басты оқиғаларының бірі – Семейдегі Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледж жанындағы «Ес-Аймақ» рухани орталығында өткен «Abai akademiasy» атты жаңа энциклопедиялық порталдың тұсаукесері.

Бұл – Абай мұрасы жүйелі жинақталған, түрлі форматта ұсынылатын бірегей платформа. Платформаның басты ерекшелігі – мәліметтер тек мәтіндік емес, аудио, видео және мультимедиялық нұсқада берілген.

– «Abai akademiasy» порталы – Абай мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттайтын, ақын туралы толық мәлімет ұсынатын ғылыми-танымдық дереккөз. Платформада ақынның әдеби, ғылыми, публицистикалық және эпистолярлық еңбектері текстологиялық сараптамамен, түрлі форматта жинақталған. Материалдар Абай институттары, ғылыми орталықтар, архивтер мен мұражайлардан алынып, цифрлы түрде енгізілген. Сондай-ақ, теле-радио хабарлар мен деректі фильмдер де қамтылған. Энциклопедиялық портал Абай мұрасын заманауи форматта жеткізу тұрғысында маңызды әрі хакім мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау жолында негізгі бағдаршам болмақ. Сондай-ақ, Абай туралы ақпарат іздеген адам деректерге «Abai akademiasy» порталы арқылы толыққанды қол жеткізе алады, – дейді «Abai akademiasy» жобасының жетекшісі Айжан Тәбаракқызы.

Порталды ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл дереккөз базасы мерейтойлық науқанмен ғана шектелмей, ұзақ-мерзімді ғылыми-танымдық алаңға айналмақ.



ЭТНОАУЫЛ: КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНІҢ ШАҒЫН МОДЕЛІ

Семей қаласындағы Бейбітшілік аралында дәстүрлі этноауыл қалашығы құрылып, 10-нан астам киіз үй тігілді. Әрбір үй маңында ұлттық салт-дәстүрлер мен тұрмыстық көріністер сахналанды. Қонақтар этникалық тағамдардан дәм татып, алтыбақан теуіп, қолөнер шеберлерінің жұмысымен таныса алады. Сондай-ақ, суретші Аңсаған Мұстафаның «Көңілге түрлі ой салар» атты арт-көрмесі, гала-концерт, деректі фильмдердің премьерасы, көне мен жаңаны ұштастырған «Асыл мұра» қолөнер фестивалі онкүндік мазмұнын байытатын мерекелік іс-шаралар. «Асыл мұра» биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Фестиваль аясында қолөнер бұйымдарының көрмесі өтеді. Тағы бір іс-шара – «Аламан құрақ–2025» байқауының жеңімпаздары марапатталады.

баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады». Жобаның басты мақсаты – жастар арасында білім мен танымды ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып дәріптеу. «Абай QUIZ» – тек зияткерлік дода емес, жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, ойлау мәдениетін дамытатын алаң.

Зияткерлер сайысында 10 өңірден келген 180 команда, яғни 1080 қатысушы бақ сынады. Олардың ішінде Алматы қаласының зияткерлері де бар. Ойын 7 кезеңге бөлініп, Абай шығармашылығы мен жалпы мәдени-ғылыми тақырыптар қамтылды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, бұл көрсеткіш интеллектуалды жарыстар тарихындағы ұлттық рекорд ретінде тіркелуге ұсынылған. Жүлде қоры – 4,7 миллион теңге. 1-орынды – Астананың «Brainstorm» командасы иеленсе, екінші орын – алматылықтарға («Алматы Микс»), үшінші жүлде – семейліктерге («Тұрақсыз тіркестер») бұйырды.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫ – МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ»

Алматылық еңбеккерлер жастарға өмір жолынан сыр шертті



(Суреттерді түсірген автор).

А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхана мен «Алматы қаласы Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері бірігіп, «Жұмысшы мамандығы – менің таңдауым» тақырыбымен танымдық кездесу ұйымдастырды. Рухани рәуіште көрініс тапқан жүздесу кешіне өз ортасында абыройға бөленіп, түрлі салада жүрген еңбек адамдары, дәлірек айтсақ, дәнекерлеуші, сани-тар, троллейбус жүргізушісі және өрт сөндіруші мамандары қатысты.

Нұржамал
Әліш

Олар жастарға үлгі-өнеге боларлық еңбек жолынан сыр шертті. Иә, еңбек адамын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға жастар көп жиналды. Бізді қуантқаны сол. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандығы жылы» деп жариялағаны мәлім.

Мақсат – қоғамның басты тірегі саналатын еңбек адамына, олардың қажырлы еңбегіне назар аударып, жұмысшы мамандықтарын дәріптеу. Жас ұрпақтың еңбек адамына деген құрметін арттыру, жастарды кәсіби техникалық білім

алуға ынталандыру, жас ұрпақты жұмысшы мамандықтарын жатсынбауға шақыру.

Кештің өтуіне мұрындық болған А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхананың меңгерушісі Айнұр Балаубаева еңбек адамдарының әр қадамы көпке, әсіресе, жастарға үлгі екенін айта келе, жұмысшы мамандығының мәртебесін бірлесе көтеруге шақырды. Қарапайым еңбеккерлердің құрметіне отандық сахна жұлдыздары – Жұбаныш Жексенұлы мен Бейбітгүл Нұрымғожина әннен шашу шашты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Қалалық жастар саясаты басқармасы қолдау көрсететін Комьюнити-орталықтар – жастардың қызмет барысында өсіп-өнуін қолдап, оларды оқытып, психологиялық көмек беріп, шығармашылық жағынан шыңдайтын ашық кеңістікке айналды. Әр орталық күн сайын 10.00-ден 23.00-ге дейін жұмыс істеп, жастарды тегін курстарға тартып, кәсіби кеңес беріп, оларға тренингтер, клубтар, коворкингтер мен медиа аймақтар ұсынады. Орталықтар WiFi-мен, принтерлермен, дыбыс жазу студияларымен, асуімен толық жабдықталған. Бұл олардың жұмыс істеп, демалуына да ыңғайлы.

«NEET категориясындағыларға, яғни жұмыс істемейтін және оқымайтын жастарға ерекше назар аударылды. Тіркелген 27 000 жастың 2307-і оқудан өтіп, 1854-і жұмысқа орналасса, шамамен 600-і тағылымдамадан өтіп жатыр. 8000-нан астам адам әртүрлі мәселе бойынша кеңес алып, оның 2278-і психологтармен кеңесті. Сондай-ақ, жастардың тұрғын үй бағдарламасы бойынша «Отбасы банкпен» кеңесіп жатырмыз», – деді Рустам Қайрыев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Думан ҚАПАСОВ,
Қоғамдық кеңес мүшесі:

БРЕНД ЖОБАЛАР

Комьюнити-орталықтарда қазақ, ағылшын, кәріс, итальян тілі, IT, дизайн, мобилография, анимация, сөйлеу шеберлігі мен қаржы сауаты сияқты тегін курстар да бар. Кітап клубтары, отбасылық кітапханалар, TikTok мектебі, кинолар, акустикалық кештер мен шығармашылық шеберлік сабақтары да жұмыс істейді. Әр орталық өзіндік бренд жобаларды жүзеге асырады. Мысалы: «Мен жас кезімде», «Тілдер паркі», «Job Teambuilding», «Есірткі жарнамасының орнына мурал» және басқалары.

Марлен РЫСБЕКОВ,
Қоғамдық кеңес мүшесі:ИДЕЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА
КӨМЕКТЕСЕДІ

Мониторинг қорытындысы бұл Орталықтардың жастар арасында сұранысқа ие екенін көрсетті. Олар жұмысқа орналасуға, жаңа дағдыларды игеруге, пікірлес, ниеттес жандарды табуға, идеяларды жүзеге асыруға және бос уақытын жайлы өткізуге көмектеседі. Қазір үш ауданда осындай екі орталықтан ашылған, жылдың соңына дейін тағы бірнеше орталық ашу жоспарланып отыр. Сұранысты ескеріп, алда әр ауданнан үш орталықтан ашуды ұсындық.

МЕЙМАН МІНБЕРІ



Дөңесбай АХАНАЕВ,
«Алматы Су» МКК-нің дәнекерлеуші,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

АЛМАТЫДА КОЛЛЕДЖ КӨП,
ОҚИМЫН ДЕГЕН БАЛАҒА ОҚУ ТЕГІН

Осы салада еңбек етіп жүргеніме жиырма сегіз жыл болды. Биыл үлкен марапат алдым. Біздің де еңбегіміз еленеді екен-ау деп қуанғаным рас. Төтенше жағдайлар бола қалса, таңнан кешке дейін желдің өтінде, жаңбырдың астында, ақ қар-көк мұзда күй талғамай жүре береміз ғой. Мақсатымыз – Алматы сынды алып мегаполистің тұрғындарын сапалы сумен қамтамасыз ету. Балаларым, немерелерім бар. Ұрпағыма жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі, кез келген еңбеккер құрметті екенін айтып отырамын. Өзім су маманы болғасын, «судың да сұрауы бар» екенін, оны да үнемдей білген абзал болатынын еске салудан жалықпаймын. Бір өкініштісі – бізге жас мамандар келуге ынталы емес. Қазір кәсіптік білім алуға жол ашық, кедергі жоқ. Алматыда колледж көп, оқимын деген балаға оқу тегін. Жастар осы мәселені де ескерсе деймін.



Мақпал ҚОЖАМСЕЙІТОВА,
№9 троллейбус жүргізушісі,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

ЖОЛАУШЫЛАРЫМА ТІЛЕКШІМІН

Троллейбус тізгіндеп жүргеніме он үш жыл болды. Жолдасыммен осы салада жүргенде танысқанмын. Қазір екі қызымыз бар. Жұмысым өзіме ұнайды. Қызығы көп, шыжығы да жоқ емес. Қызығы сол, күнде бір бағытпен жүріп жүрген соң, көп жолаушыны сонадайдан танып отырасыз, тіпті, туысыңыз секілді сізбен жылы амандасады. Хал-жағдай сұрасамыз. Сегізінші наурызда шоколад ұсынып, көңілімді көтеріп тастайды. Аялдасамынан түсіп бара жатып, «шаршамай жақсы жеттім, рахмет, қызым» деп дорбасындағы алма, алмұртын ұсынатын апалар қандай! Күнделікті троллейбусқа отыратын жолаушыларымның өзіме деген ықыласына марқайып қаламын. Ал шыжығы дейтінім, кей жастар үлкендерге орын бермей, салон іші шу болып кетіп жатады. Кейде үйінен көңілсіз шыққандар айналасына, саған да тиісіп өтетіні бар, бірі «желдеткішіңді қос» десе, екіншісі «өшір, ауырып отырмын» дейді. Ондай сәттерде сабыр сақтауға, дауыс көтермеуге, ешкіммен ренжіспеуге тырысамын. Себебі, троллейбус тізгінінде отырған менің мойнымда көліктегі және жол бойындағы жүздеген адамның жауапкершілігі, аман-дығы тұрады.



Айнагүл СИСЕНОВА,
Республикалық Кардиология және ішкі
аурулар ҒЗИ Клинингтік қызмет бөлімінің
санитары:

ЖАҚСЫЛЫҚ – ЖАҚСЫЛЫҚТЫ
ШАҚЫРАДЫ

Біз іргелі медициналық мекеменің тазалығына жауаптымыз. Мен жұмысымды жақсы көремін. Тазалық үстемдік құрған жерде тәртіп те, жайлылық та болады. Жансақтау бөлімінде де жұмыс істегенім бар. Онда адамдарға күтім жасаймыз. Жаны қиналған түрлі науқаспен, түрлі тағдырмен бетпе-бет келесіз. Отаға алып бара жатқанда жақсы тілек айтып қаламыз. Уақыт ұзап бара жатса, алаңдап жолын күтеміз. Ортамызға оралғанда балаша қуанамыз. Оларды сөзбен демеп жіберу үшін де адамға үлкен жүрек, биік адамгершілік сезімі керек деп ойлаймын. Жалпы, жұмысыңызды риясыз жақсы көрсеңіз, адамдарды, айналаны жақсы көрсеңіз, сізде бәрі жақсы деген сөз. Жастарға айтарым, кішкентай ғана дүниеден де жақсылық көріп тұруға ұмтылу керек. Ал жақсылық – жақсылықты шақырып тұрады.



Дәурен ШЕРІКБАЙ,
№12 Өрт сөндіру бөлімінің
аға өрт сөндіру құтқарушысы,
«Азаматтық қорғау» сержанты:

ЖЫЛДАМДЫҚ ПЕН ЕПТІЛІК
ЖӘНЕ ЖҮРЕК КЕРЕК

Бала күнімде адамдарға көмек көрсетуге, жан-жануарларға да қамқор болуға құштар едім. Міне, бүгінде өрт сөндіруші, құтқарушы қызметінде абыройлы еңбек етіп жүрмін. Үш жылдай ғана болса да, бұл саланың қырсырына терең бойлап келемін. Өрт сөндірушіге бірінші кезекте жылдамдық, ептілік, жүрек керек. Бізге, мысалы, төтенше жағдай туралы дабыл түсетін болса, он тоғыз-жиырма алты секунд арасында қорғаныс киімдерін киіп үлгеруіңіз керек. Себебі, тілсіз жау секундтардан да жылдам болады. Аптап ыстықта да үстіңіздегі қалың киіммен оттың ішіне қойып кететін сәттеріміз де көп. Әр сәт маңызды. Тіпті, алып базар өртке оранып жатса, адамдармен бірге олардың күнкөрісіне айналған мүлкін де аман алып қалуға жанталасамыз.

Жалпы, біз 102-ге қандай хабар түседі, мысалы, бала іште кілттеніп немесе мысық темір трубаға кептеліп қалуы мүмкін, сол оқиғаларды үлкен-кіші демей бәріңде тең жүреміз. Ізгілікті мұрат еткен қоғамда біздің қызметіміз де аса маңызды деп білемін.



КІТАП ИНДУСТРИЯСЫ:

баспа нарығын реттейтін заң қабылданса, сапа мен сұраныс артар еді

Үстіміздегі жыл қазақ әдебиеті үшін табысты жыл болды: «Ұлттық кітап күні» мерекелер айналымына қосылды, баспагерлеріміз әлемдік көрме-жәрмеңкелерге ұлттық стенд құрды, түрлі мемлекеттік қолдау тетіктерінің кем-кетігі қайта қаралды, ұлттық байқаулар дәстүрлі тұғырына әбден орнықты.

Ұлт мәдениетінің негізгі тіреуші күші – әдебиеті. Ардың ісін абыроймен атқарып, қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына, дамуына ғұмырын арнаған арда азаматтар аз емес. Бүгінгінің міндеті – сол жолды заман талабына лайық жалғастыру, әдебиеттің жаһандық тенденцияларын игеру, ұлт әдебиетінің жауһарларын әлем тілдеріне аудару және үздіксіз оқу.

Кітаптың жанашыры, оқу мәдениетін қалыптастыруды қолдайтын азамат ретінде атқарылған шаруаларды алдын ала бекер айтып отырғанымыз жоқ. Аттандап жау шаптырып, қыруар еңбекті жоққа шығарып, желге ұшыру – мәдениетті адамға жат әрекет. Бұдан бөлек, кітап оқу сән немесе міндет емес, әркімнің қажеттілігіне қарай шешетін шаруасы. Алайда, кітап оқыған адамның сан түрлі тағдырмен танысып, сан қилы сюжетті жан-дүние елегінен өткізе отырып сапалы адамға айналатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін шартты дүние.

«Электронды үкімет» платформасы: ұлттық сауалнама

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда кітап оқудың маңызына тоқталып, «Ұлттық кітап күні» белгіленгенін сүйіншіледі. Артынша ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Президент бастамасын жүзеге асыру мақсатында «100 кітап» ұлттық сауалнамасы басталатынын айтқанды.

Ұлттық сауалнама шарты қарапайым. Әрбір Қазақстан азаматы «Электронды үкімет» платформасы арқылы өзінің сүйікті 10 кітабының атауы мен авторын көрсете отырып, дауыс береді. Ал сауалнама қорытындысы тамыз айының 10 жұлдызында – Абай күні қарсаңында көпшілік назарына ұсынылмақ.

Жалпы, қазақ руханияты үшін 100 аталыммен жұмыс істеу жаман нәтиже бермейді. Түрлі сала бойынша озық саналатын шетелдік авторлардың еңбектерін қазақ тіліне аударып, әлем халқы мойындаған 100 кітапты сөремізге қосқан жоба аударма ісінде мол тәжірибе жинап, жоғары оқу орындары студенттері мен көпшілік оқырмандарға теңдессіз білім сыйлады.

Ұлттық сауалнаманың да басты идеологиялық мақсаты сол – жалпыұлттық дауыс беру арқылы бүгінгі қоғамның қажетіне жарайтын, оқырмандардың сұранысына ие, кейін түрлі жобаларға негіз болатын әдебиеттер тізімін әзірлеу. Дауыс беру тетігі – қай жоба үшін де ашықтық пен әділеттіліктің символы. Идеологиялық блокта осындай нәзік әрі аса қажет саяси технология сипатының көрініс беруін жақсыға жоруға болады.

Аспаннан түскен идея емес

Ұлттық сауалнама хақындағы түрлі жазбаларды бақылап отырмыз. Оның ішінде қаламгерлер де, қоғам қайраткерлері де, мәдениет саласының қызметкерлері де, оқырмандар да, тіпті, блогерлер де бар. Сан алуан пікір әлеуметтік желіде науқан көрігін қыздырып жатыр.

Пікірлер арасынан белгілі жазушы Байбота Қошым-Ноғай бастап, Есболат Айдабосын, Серік Әбікенұлы, Ықылас Ожайұлы сияқты қаламгерлер қауымы өкілдері біршама ұсыныстарын да жариялады. Соның ішінде кейінгі жылдары бестселлер сипатына ие болған еңбектер жазған Есболат Айдабосын әлеуметтік желідегі парақшасында мынадай пікір білдірген:

«Стандарт деген болады. Кейбір дүние стандартқа келеді, кейбірі келмейді. Меніңше, әдебиет стандартқа салуға келеді. Ұлттық сауалнаманы қолдаймын, бірақ ішінара қолдаймын. Неге? Өйткені, мұндай тізімді сала мамандарына жасату керек еді. Әдеби кітаптардың дәл бағасын беретін мамандар – әдебиеттанушылар, сыншылар, қаламгерлер қауымы. Осындай мамандар жұмыстанса, біздің үздік әдебиеттерді



іріктеу жұмысында қателесу тәуекеліміз азаяр ма еді?!».

Ықылас Ожайұлы қазақ қоғамының дүниетанымын кеңейтіп, білім шеңберін арттыру үшін қазақ әдебиетінің классикалық шығармалары саналатын дүниелерді емес, Мишель Фуко, Эрих Фромм секілді ойшылдардың еңбегін тәржімалап ұсынған абзал деген ой айтады. Жер-жаһанның ілімін жимақ – ұлы мақсат, ал дүниенің озық кітабын қазақшалау өз алдына бөлек міндет екенін ескеру қажет. Бұл, әрине, өте орынды ұсыныс. Біз әлемді танып, өзге жұрттың ұстаным-салтын, бағыт-бағдарын, қоғамдық түсінігін игеруге ұмтылсақ, аударма жұмысына ден қойғанымыз дұрыс.

Тізімге ілікпедік, пікір алаңынан есім-сойымызды кездестірмедік деген ағаларымыздың да наз-өкпесі оқтын-оқтын естіліп қалуда. Расында, жарнамасы дұрыс, насихаты түзу еңбектерден мазмұн-салмағы жағынан кем түспейтін қанша кітап көлеңкеде қалды екен?! Ұлттың мұрасын түгендедік деп ұрандағанда әдебиет мамандары осы мәселеге де тоқтала кетсе деген тілек бар.

Ұлттық сауалнама аспаннан түскен идея емес. Ұлыбритания, Жапония, Ресей, Қытай сияқты «өнер-білім бар жұрттар» байырғы кезеңнен бүгінге дейінгі әдебиетін жүйелеп-жіктеп, кейінгі оқырман үшін келелі жұмыс атқарды, бүгін де жалғасып жатқан жобалары баршылық.

Қазақ тарихын қайта жазу, оған белгілі тарихшылар қосынын іріктеу, ғалымдарды тарту сияқты іргелі жұмыстармен қатар әдебиетке де назар аударылғаны бекер емес. Ұлттың жоғын түгендеп, барын кәдеге асыратын уақыт әлдеқашан келген-ді. Сіз бен біз бақылап отырған бүгінгі қозғалыстар – сол жұмыстардың басы.

Авторлық құқық: бірыңғай реестр неге жоқ?

Апта соңына қарай ұлттық сауалнама қорытындысы көпшілік назарына ұсынылады. Жұрт таңдаған жүз кітаптың осал болмасына, жүздікке ену жолындағы бәсекенің жоғары болатынына кәміл сенеміз. Оның себебі – алдағы жылдан бастап ұлттық сауалнамаға енген еңбектер қайта басылып, нарықта жаңа оқырмандар тарапынан сұраныс күрт артатыны. Алайда, жүзден жүйріктер тізіміне енбеген қаламгерлердің оқырмандары, көзі тірі ақын-жазушылар тарапынан да сын айтылары белгілі. Керісінше, жоғары мемлекеттік марапат алған, жыл аралатып еңбегі мемле-

кеттік тапсырыспен шығатын қаламгерлер үздіктер қатарына кірмей қалса қандай сұрақ туады?

Қазақстанның кітап индустриясы, оның ішінде баспа нарығы – жүйелі заңнамалық өзгерістерге мұқтаж сала. Күйіп тұрған мәселелердің бірі – авторлық құқық бағытында бірыңғай реестрдің жоқтығы. Соның салдарынан нарықта тауар аталымының жиі қайталануы, оқырман сұранысын ескермей шығарылып, қоймаларда шаң басып жатқан кітаптар, кісі күлетін қаламақы сияқты сұрақтар шешімін таппай келеді. Ұлттық сауалнамаға енген еңбектердің келер жылы да жауыннан кейінгі саңырауқұлақша қаптайтыны – болжамды эффект.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің құзырындағы «Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді сатып алу, басып шығару және тарату» сияқты бағдарламалардың да тақырыптық жоспарын бекітуде сауалнама нәтижесі ықпалды болуы ықтимал. Нарықтағы баспалар да, мемлекеттік қолдау да онсыз да халық қолдауына ие, бірнеше буын оқырманның көңілінен шыққан, сатып алуға қолжетімді еңбектерді қайта басып шығарса, енді ғана бой көтеріп келе жатқан жаңа авторларға қысым тумай ма деген сұрақ бар. Өйткені... өйткені, біздегі кітап сатып алатын, кітап оқитын тұтынушылар/оқырмандар қарасы әлі де төмен деңгейде.

Кітап дүкендері сөрелеріндегі, әсіресе, желілік сипаты бар үлкен сауда орындарындағы қазақ әдебиетінің шағын ғана бұрыштарына таласып әлекпіз. Кітап индустриясын, баспа нарығын дамытуды көздейтін, реттейтін заң қабылдасақ, авторлардың да еңбегі еленіп, әдебиеттің де айналасы тазарып, сапа мен сұраныс артар еді.

• Кітап оқу мәдениеті – қоғамдық мәдениеттің деңгейін көрсететін өлшем. Тек көркем әдебиет емес, танымдық, ғылыми-көпшілік, салалық әдебиеттердің де даму бағытын стратегиялық мақсат ретінде қарамақ керек. Жүз кітапты анықтайтын сауалнама осындай ұлы өзгерістердің алғашқы баспалдағы болсын деген ниет пен сенім бар.

Әділет МӘДЕНИЕТ,
сарапшы.





«ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ»:

құзыреттілік орталық заманауи кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал етеді

Еліміз үшін туризм мен қонақжайлылық индустриясы саласының дамуы қазіргі заманның ең өзекті мәселесінің бірі болып отыр. Өйткені, қызмет көрсету саласы ұлттық бюджетке қосқан үлесі жағынан да, жұмыспен қамтылғандар саны жағынан да басымдыққа ие болып отыр. Қазіргі экономика көрсеткіші бойынша қызмет көрсету саласының маңызы артып келе жатқаны байқалады. Сөз жоқ, бұл қонақүй кәсіпорындарын басқарудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге және осы ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға байланысты көптеген міндеттердің туындауына алып келеді.

Қаламыздағы «Туризм және қонақжайлылық индустриясы» колледжі – Қазақстандық қонақүйлер мен мейрамханалар қауымдастығы (ҚҚЖМҚ), Қазақстанның туристік қауымдастығы (ҚТА), Қазақстан тағам кәсіпорындарының одағы, «Құмбел мәдени-әлеуметтік және білім беруді дамытудың Қазақстандық қоры» БҚБ және тағы басқа мекемелермен әлеуметтік серіктес болып табылады.

Колледждің негізгі міндеті – еңбек нарығының талаптарына сәйкес қажетті мамандар даярлау болғандықтан, оқу-тәжірибелік шеберханалары табысты жұмыспен қамтылуға ықпал ететін кәсіби дағдылар мен тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін заманауи инновациялық жабдықтармен жабдықталған.

Қазіргі таңда колледж студенттерді кәсіби ортаға интеграциялау үшін әлеуметтік серіктестермен, Алматы қаласының жетекші кәсіпорындарымен кәсіби тәжірибеден өту туралы 300-ден астам келісім-шарттар жасап отыр.

2022 жылдан бастап колледжде «Жас маман» жобасы аясында ашылған «Қонақжайлылық индустриясы» құзыреттілік орталығы жұмыс істей бастады. Орталық кәсіби құзыреттіліктерді, жаңа технологиялық шешімдерді және заманауи кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, орталықтың базасында кәсіби байқаулар мен халықаралық чемпионаттарға дайындалу үшін оқу-жаттығу лагерлері жұмыс жасап жатыр.

ОЙТАЛҚЫ

МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫ

бала жанын түсінетін маман

Бір кездері мектепте психолог-педагог деген қызмет түрінің мүлде болмағаны жадымызда. Ал бүгін ше, әрбір білім ордасында кем дегенде бір психологтың болуы заң талабына айналып отыр. Нақты ақпаратқа сүйенсек, қазір еліміздегі мектептерде 7 мыңнан астам педагог-психолог еңбек етіп жатса да, мамандарға деген сұраныс әлі де өте жоғары көрінеді.

Жалпы, Оқу-ағарту министрлігі мектептерде психологиялық қолдау көрсету қызметін күшейтуді текке басты назарға алып отырған жоқ. Мектеп психологы дегеніңіз – бала жанын түсінетін маман. Мәселен, психология ғылымының кандидаты, мектеп психологы Айнұр Бекжанқызының айтуынша, ата-аналар көп жағдайда баланың жүрегіндегі мәселелерді байқай бермейді екен.

– Ал біз кейде бір сурет, бір сөз немесе бір сызбаның өзінен үлкен дабылды байқаймыз. Бірақ бәріне үлгеру мүмкін емес. Жүктеме өте ауыр. Психолог бір уақытта тыңдаушы, кеңесші, құжат жүргізуші, тренинг ұйымдастырушы әрі медиатор болып кетеді. Көбіне бізді, яғни мектеп психологын жәй ғана кеңесші деп қабылдайды. Бұл ретте мектеп психологы дегеніңіз – еститін, түсінетін және жан жарасын емдей алатын маман дер едім. Бірақ сол үмітті арқаалаған мектеп психологының өзі бүгінгі таңда күйзелістің астында қалып жатады.



Мәселен, сабақ басталғанда бірінші сынып оқушысы жылап, ата-анасының ажырасып кеткені туралы айтса, үзілісте жетінші сынып оқушысы буллингке ұшырап жатқаны туралы емеурінмен айтып жеткізеді.

Енді бір сыныптың жетекшісі 9-сынып оқушысының сабаққа келмей жүргенін хабарласа, ата-ана телефон шалып, соңғы кездері баласының «өзгеріп кеткенін» айтып жылайды.

Сондықтан ең алдымен мектеп психологының қызметтік жағдайын жақсарту керек. Психологтарға жеке кабинет, құпиялыққа лайық жағдай жасалуы тиіс. Психологиялық сауаттылық апталықтарын енгізіп, әр тоқсан сайын ата-аналармен ашық лекциялар, балалармен интерактивті сабақтар ұйымдастыру қажет.

Мәселен, 2024 жылғы UNICEF жүргізген зерттеу нәтижесіне сәй-

кес, Қазақстандағы 11–17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 30%-ы психологиялық қолдауға зәру болып шыққан. Ал Алматыда бұл көрсеткіш тіпті жоғары. Бұған қоса, мектеп психологының еңбек-ақысы – орта есеппен 180–230 мың теңге шамасында. Сондықтан ағымдағы жылы қалалық әкімшілік мектеп психологтарының жалақысын 30 пайызға көтерген еді.

Әлем ғалымдары ХХІ ғасырды жылдамдық, ақпарат пен күйзеліс ғасыры деп атап отыр. Қоғамдық дамуымыздың осы кезеңінде мектеп тек білім мен тәрбие беретін орта ғана емес, баланың жан-дүниесі қалыптасатын басты кеңістікке айналды. Бұл кеңістікте психологиялық қолдау көрсету, бала мен ұстаздың, ата-ана мен қоғамның арасында «жанды» көпір бола білу – мектеп психологының мойнындағы міндет.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

ОҚУШЫЛАР ҚАШАН ДЕМАЛАДЫ?

Биылғы жаңа оқу жылының қашан басталатыны да белгілі болды. Ағымдағы жылдың 2 қыркүйегінде басталатын оқу жылы 2026 жылдың 25 мамырында аяқталады. Бұған қоса, Оқу-ағарту министрлігі балалардың каникул кезеңдерін де белгілеп, нақтылап қойды.

Мәселен, бірінші тоқсанда оқушылар 8 апта оқыса, олардың

күзгі каникулы 27 қазанда басталып, 2 қарашада аяқталады. Ал екінші тоқсандағы оқушылардың күзгі демалысы 10 күнге жалғасады. Сонымен қатар, үшінші тоқсанның каникулы наурыздың 19-ында басталып, 29-ына дейін созылмақшы. Мектеп оқушыларының соңғы тоқсанының ұзақтығы 8 аптаға созылып, 25 мамырдан бастап, жазғы каникулға шығады.

ОҚУШЫЛАР КІТАПХАНАСЫ

RFID ТЕХНОЛОГИЯСЫ

кітаптарды автоматты түрде есепке алады

Биыл еліміздегі мектептердің 700-ге жуық кітапханасы жөндеуден өтіп жатыр. Бұл қатарда Алматы қаласының мектеп кітапханалары да бар. Шағын қалалар мен аудан орталықтарында және елді мекендердегі 1000 мектепке жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстары материалдық-техникалық базаны нығайтуға бағытталған жеті негізгі бағытты қамтып отыр.

Осы ретте 700-ге жуық мектеп кітапханасы 300 мың балаға заманауи және қолайлы кітапхана кеңістігін пайдалануға мүмкіндік беретін болады. Сонымен, жөндеу барысында мектеп кітапханаларына автоматтандырылған жүйе енгізіліп, коворкинг-аймақтар ашылды. Бұған қоса, күрделі жөндеуден соң, жиһаздар да жаңартылмақшы. Қазіргі таңда мектеп кітапханаларында кітаптарды автоматты түрде есепке алатын әрі жедел іздейтін RFID технологиясы енгізіле бастады. Бұған қоса, 20-дан астам кітапханада сканерлеуші роботтар жұмыс жасап жатыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, елімізде «Балалар кітапханасы» жобасы іске асып, оның аясында мектеп кітапханаларының қоры 1,6 миллион дана көркем әдебиетпен толығып отыр. Нақты мәлімет бойынша қазір кітап қоры 141 миллион данадан асады.

Соңғы жылдары мектеп кітапханашысы мамандығын даярлауға да ерекше көңіл бөліне бастады. Мәселен, былтыр 1775 мектеп кітапханашысы біліктілікті арттыру курстарынан өтсе, бұл үрдіс биыл да жалғасады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР

КӨРМЕ

«ЖАҢАРҒАН ШАҒАР – ЖАҢАРҒАН СӘН»

«Анаға құрмет» музейінде ұлттық құндылықтарды дәріптеген сән кеші өтті

Көне мен жаңаны қабыстырып, заманауи рең берген этно-сән қойылымы осымен екінші мәрте өтіп отыр. Алғашқы өткен сән кешінде ұлттық өнер мен заманауи талғам үйлесімді көрініс тапса, бұл жолы да сән мен салт ерекше салтанат құрды.

«Сән кешінің басты мақсаты – ата-баба мұрасын бүгінгі күнмен байланыстыру, қазақы нақыштағы киімдерді заманауи стильмен қайта таныстыру, әрі жастардың ұлттық сәнге деген қызығушылығын арттыру», – деген «Анаға құрмет» музейінің экскурсия жетекшісі Балгүл Сапарбекқызы кеш бойы қазақы рең мен бүгінгі тренд үйлескен киім үлгілерінің көрсетілгенін тілге тиек етті.

Әрине, мұндағы әрбір киім тарихтың, ұрпақ жалғастығының, жалпы ұлттық болмыстың көрінісі. Ұлттық өрнекпен көмкерілген камзолдар мен оюлы киізден тігілген киімдер, зерлі көйлектер – барлығы да алыстан көз тартып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Кеш бойы сән сахнасына шыққан туындылар елімізге белгілі қолөнер шеберлерінің ерен еңбегінің нәтижесі екенін атап өткен жөн.

Мәселен, «Зар Ата» брендiмен таны-



мал дизайнер, халықаралық көрмелердің бірнеше мәрте жеңімпазы атанған Ләззат Исаханова осынау кеште өзінің туындысы, ұлттық үлгіні терең мағынамен үндестірген жаңа топтамасын ұсынды. Қазақстанның үздік тауарлар тізіміне енген қолөнер иесі Нұргүл Дәлелханның туындылары Түркия, Италия мемлекеттерінде өткен көрмелерде көрермен көзайымына айналған. Жастар мен балалар киіміне ұлттық өрнек енгі-

ген белгілі дизайнер Анжела Иматайдың ендігі жерде мектеп формасын ұлттық нақышпен әдіптеп тігу идеясы көптің көңілінен шықты.

«Анаға құрмет» музейінде өткен бұл кеш тек сән үлгілерін көрсету ғана емес, ұлт болмысы мен қазіргі заманның жарасымды тоғысуы болды. Осы игі дәстүр алдағы уақытта да жалғасып, этно-сән арқылы руханияттың жаңа көкжиегіне ұласа берері сөзсіз.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Артуш КАРАПЕТЯН:

БАСТЫ ҰСТАНЫМ – ӨНІМ САПАСЫ

Әлемнің үздік үлгілерімен бәсекеге қабілетті деңгейге жетуге ұмтыламыз

Артуш Месропович Карапетян – тамақ өнеркәсібінің еңбек сіңірген қызметкері, АТУ профессоры, экономика ғылымының кандидаты. Ол Жүзім мен шарап жасаушылар халықаралық академиясының (Франция) академигі, шарап өнімдерінің сегіз түріне арналған патент авторы мен иесі. Қазақстанда жүзім шаруашылығын қайта жандандыру және дамыту жөніндегі бірқатар кітаптар мен еңбектердің авторы. «Достық», «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Winnac Elite зауыты: ұлттық бренд

Шақырылған құрметті қонақтарға қандай сусын ұсынған дұрыс? Иә, бұл – құрметті мейманын күтер кез келген жанды толғандыратын мәселе. Әрине, әңгіме сан түрлі дәмді тағамдар мен тәттілерден бөлек, сапалы шарап пен элиталық коньякқа да келіп тірелері анық. Себебі, мұндай өнімдер кез келген дастарханды түрлендіре түсері сөзсіз. Қазақстан мен Германияның бірлескен кәсіпорны – Winnac Elite зауыты – 2004 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан өндіріс ошағы. Оның бірегейлігі – еуропалық коньяк үйлерінің қағидасы бойынша жұмыс істейтін жалғыз отандық зауыт. Басты басымдық – өнім сапасында. Зауыттың табысты дамуына және оның өнімдерінің танымал болуына құрылтайшы әрі бас директор Артуш Карапетяның еңбегі зор. Сатылым көлемі аса көп болмағанымен, зауыттың маркасы сапалы өнімді бағалай білетіндерге жақсы таныс. «Менің Қазақстаным», «Еуразия», «Астана», «Қазақ хандығы», «Алматы», «Карапетян» атты коньяктердің әрқайсысы – ерекше, өзіндік хош иісі және сақталу мерзімі бар эксклюзивті өнімдер. Зауытта бірнеше сорттағы чача, түрлі шараптар мен шампан да әзірленеді.

Зауыт басшысы өндірісті әлемдік брендтер деңгейінде ұстауға тырысады және өнімнің жоғары сапалы әрі бірегей болуына ерекше маңыз береді. Сонымен қатар, үздіксіз ізденісте жүреді. Басты бағдары – өз өнімдерін әлемнің үздік үлгілермен бәсекелесе алатындай деңгейге жеткізу.

Артуш Карапетян бұл кәсіппен көп жылдан бері айналысып келеді және жүзім өндірудің мыңдаған қыр-сырын біледі. Оның басты құпиясы – жауапкершілік және ешқашан жұмысты асығыс немесе формалды түрде жасамау деген ұстаным. КСРО-ның соңғы кезеңінде алкоголизмге қарсы күрес шеңберінде жүзім алқаптары «кінәлілер» қатарына енгізілді. Сол кездегі асығыс әрі ойсыз шешімдердің салдарынан мол өнім беретін алқаптар жойыла бастады. Кейін кеңестер елі тараған соң, совхоздар мен колхоздар тарих сахнасынан кетті, онымен бірге жүзім плантациялары да жойылып жатты.

Осы күрделі кезеңде Артуш Карапетян республикамыздың оңтүстігіндегі жүзім алқаптарын сақтап қалуға күш салды. Ол жүзім көшеттерін өсіруден бастап, жүзімді өңдеу мен 15–18 жыл бойы сақталатын коньяк спирттерін өндіруге дейінгі толық циклді табиғи әрі сапалы өнім шығаратын бірегей өндіріс құруды мақсат етіп қойды, сол үшін еңбек етті.

«Winnac Elite» ЖШС – табиғи коньяк спиртін өндіретін, осы негізде маркалы коньяктер шығаратын және оларды фирмалық дүкендер арқылы сататын еліміздегі жалғыз зауыт. «Табиғи өнім шығару – ар-ожданың мен арыңды сақтаумен тең. Адам денсаулығына жауапкершілік – біздің кәсіпорынның басты бағдары», – дейді Артуш Месропович.

Италиялық автоматты желімен жабдықталған қазіргі заманғы зауыт өз саласында жоғары рейтингке ие. Мұнда әр кезеңде шикізатты өндіруден бастап, дайын өнім шығаруға дейін барлық технологиялық процестер қатаң сақталады. Арнайы зертханада тәжірибелі мамандар әр партияны мұқият бақылап отырады, себебі басты ұстаным – өнім сапасы.

Аймаққа бейімделу факторы

– Жүзім шаруашылығында аймаққа бейімделу факторы үлкен рөл атқарады. Климатының, топырағының, ауа райы жағдайының, жауын-шашын режимі мен тіпті биіктігінің, беткей сипатының ерекшелігіне қарай жүзім шырынға толады және ондағы қант мөлшері әртүрлі болуы мүмкін. Біздің аймақта оннан астам жүзім сорты өсіріледі. Белгілі «Қүлджинка» сорты құрғақ шарап жасауға жақсырақ келеді. Сонымен қатар, рислинг, ркацители, алиготе сынды француз сорттары да бар. Бұрын да аймақтық бейімделу қағидасы болған – әр өңір белгілі бір



● **Артуш Карапетян – ҚР Шарап жасаушылар одағының президенті, шарапшылар әулетінің мұрагері. Ата-баба туған жерін өте жақсы көргенімен, түп-тамыры Қазақстанда тереңге кеткен, әрі бұл – өмірінің үлкен бөлігін арнаған кәсібі. Оның Арыс қаласындағы жарылыстан, Қостанай облысындағы өрттерден және елдің бірқатар өңірлеріндегі су тасқындарынан зардап шеккендерге қомақты көмек бергенінен де хабардармыз. Бүгінгі заманның Атымтай жомарты еңбек және соғыс ардагерлеріне, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, онкологиялық ауруға шалдыққандарға, жалғызбасты қарттарға тұрақты түрде материалдық қолдау көрсетіп отыратынын да естідік.**

шарап түрлерін шығаруға маманданған. Алматы өңірінде климат салыстырмалы түрде ылғалды болғандықтан, ақ және қызыл шампанға арналған құрғақ сорттарды өңдеуге басымдық беріледі. Оңтүстік Қазақстан облысында жаз ыстық әрі температура жоғары болғандықтан, қант мөлшері жоғары сорттар өсіріледі. Мысалы, Баян-Ширей сорты құрғақ шарап жасауға келмейтіндіктен, одан әдетте қызыл, ұзақ сақталатын шарап әзірленеді, – дейді шебер.

Артуш Карапетян бұл кәсіпке жүрек қалауымен келген. Жүзім өсіру мен сусын дайындауға деген қызығушылық пен ынта отбасынан дарыған. 1937 жылы Қазақстанға қоныс аударған армян отбасылары өз дәстүрін сақтауға тырысты. Үлкендер жүзімді дұрыс және ұқыпты өсіруге деген сүйіспеншілікті балаларға мұқият әрі ыждағатпен жеткізді.

– Жүзім – адам сияқты. Оған ерекше көзқарас пен ұқыптылық қажет. Жаңа технологиялар, үздік құралдар бар, бірақ жүзімге деген көңіл менің тарапымнан өзгерген емес. Ең бастысы – шынайы қамқорлық, – дейді маман.

Зауыт басшысы жүзімге күтім жасауға келгенде өзіне де, қызметкерлеріне де талапшыл. Дәстүрлі түрде шарап нарығында бәсеке өте жоғары, ал кейбір өндірушілер «жеңіл» жолды таңдайды – өнімді астық спиртінен жасайды.

– Табиғи өндіріс тек табанды әрі ұқыпты еңбекті ғана емес, сонымен қатар уақытты қажет етеді. Жинау, өңдеу және бастапқы өнім алу секілді процестердің бәрі ұзақ әрі қымбат. Ал адал емес өндірушілер технологиялық процесте түрлі айла-шарғыларды қолдана отырып, жеңіл жол таңдайды. Мәселен, жаңа салық салу жүйесі зауыт өнімдерінің қымбаттауына әкелуі мүмкін. Ал концентраттар мен химикаттарды пайдаланатын адал емес өндірушілер осыны пайдаланып, арзан бағамен қайтадан нарыққа үстемдік етуі ықтимал, – дейді Артуш Месропович. Алдағы өзгерістер салдарынан сапалы өнім өндірушілер ұтылып қалуы мүмкін деп есептейді ол.

Еңбек – ортақ игілік, бірегей өндіріс алаңы

Еуропаның шарап және коньяк өндіруде бай дәстүрі бар елдерінен келген әйгілі өндірушілер қатысқан халықаралық дәмсынауларда Winnac Elite зауыты алтын, күміс және қола медальдарға ие болды. Сонымен қатар, кәсіпорын Мақтау грамоталарымен марапатталса, Артуш Карапетян шарап жасау ісін дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін Франция өнеркәсіп одағы бекіткен «Наполеон» алтын медалімен марапатталды.

– Біз жыл сайын, әсіресе, коньяк түрлері бойынша ассортиментімізді жаңартып отырамыз. Бөшекелерді арнайы әдіспен дайындалатын белгілі бір ағаш түрінен жасаймыз, – дейді кейіпкеріміз өзінің технологиялық құпия-сырларымен бөлісіп. «Зауыттағы әр ағаш бөшке – бақылауда. Қанша өнім алынғаны, спирттің сақталуы, купаждау (бірнеше спирт түрін араластыру) қашан басталғаны, белгілі бір бөшке қанша уақыт пайдаланылғаны – барлығы есептеледі. Бөшкеде сақтау алаңы 180–200 мың декалитр (дал) аралығындағы үш жылдан 18 жылға дейінгі коньяк спирттерін сақтауға мүмкіндік береді. Осы тәсілдің және дұрыс дайындау, сақтау, күту процесінің арқасында 6 жылдан 18 жылға дейінгі сақталу мерзімі бар сұранысқа ие маркалы коньяктер шығарылады».

Айта кеткен жөн, бөтелкелер Франциядан, ал бағалы тығын Португалиядан арнайы жеткізіледі екен. Әріптестері Артуш Карапетяның отандық шарап жасау ісін дамытуға қосқан үлесін ерекше мақтанышпен айтады. Оның табандылығы мен еңбегінің арқасында жүзімнен бастап фирмалық бөтелкеге дейінгі толық циклмен жұмыс істейтін бірегей өндіріс алаңы құрылды. Түркістан облысында 80 гектар жүзім алқабын, жүзімді өңдеу және коньяк спиртін өндіретін зауытты сақтай отырып, хош иістендіргіштер, бояғыштар және басқа да жасанды компоненттерсіз табиғи өнім шығару мүмкіндігі жасалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Наталья КАМИНСКАЯ, технолог:

Стратегиялық ойлауды шебер меңгерген басшы

Артуш Месроповичтің басшылығымен жұмыс істеу барысында мен тек кәсіби тәжірибе жинақтап қойған жоқпын, бұл – өмір мектебі десем де болады. Ол – әр қызметкерге терең құрметпен қарайтын, стратегиялық ойлауды шебер меңгерген басшы. Оның басты қағидасы – әркімнің пікірін бағалау, жұмыс – ортақ іс, сондықтан әркім өз ісіне жауапты болуы тиіс. Біздің басшымыз өндірістік процестерге белсенді қатысады, жаңа идеяларды ұсынуға бастамашы болады, дамуымызды қолдайды. Сонымен қатар, оның адами қасиеттері де ерекше. Көп рет ол қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек қолын созғанын өз көзіммен көрдім.

Ғалия ИСАЕВА, химик-микробиолог:

Мен үшін үлкен мәртебе және кәсіби бақыт

Артуш Месроповичпен 30 жылдан астам уақыттан бері бірге жұмыс істеп келемін. Ол – тек басқаруды ғана емес, ұжымдастыруды, шабыттандыруды да білетін тұлға. Оның командасының бір бөлігі болу – мен үшін үлкен мәртебе және кәсіби бақыт. Ол басқарумен қатар, құрмет, жауапкершілік пен өзара көмекті дәріптейтін мәдениетті қалыптастырып отыр. Оның жетекшілігімен біз мақтан тұтатын өнім шығарамыз, жаңа жұмыс орындары ашылады, ел экономикасы нығаяды, Қазақстанның имиджі арта түседі.

Әзірлеген
Ернұр РЫСБАЙ.





ИНВЕСТИЦИЯ

АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

ел экономикасының бестен бір бөлігін құрайды

Мегаполис бүгінде Қазақстанның ғана емес, Орталық Азия өңірінің ең ірі экономикалық, қаржылық және инвестициялық орталықтарының біріне айналды. Қала өзінің географиялық орналасуы, инфрақұрылымы мен іскерлік белсенділігі арқасында инвестиция тартуда өңірлік хаб рөлін сенімді атқарып келеді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматыда кәсіпкерлікті қолдайтын, инвестиция тартуды жеңілдететін заманауи инфрақұрылым қалыптасқан. Қалада халықаралық және отандық компаниялардың кеңселері орналасқан, банк секторымен қатар түрлі даму институттары мен қаржы ұйымдары жұмыс істейді. Бұл инвесторларға өз жобаларын іске асыруда қолайлы жағдай жасайды.



Кейінгі жылдары Алматыға тартылған инвестиция көлемі тұрақты өсіп келеді. Бұл көрсеткіштің өсуіне қаланың қолайлы инвестициялық климаты, ашық әрі түсінікті салықтық және құқықтық ортасы, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары әсер

етуде. Шетелдік инвесторлар Алматыны көлік-логистика, ақпараттық технологиялар, туризм, құрылыс және қызмет көрсету салаларындағы жобалар үшін тартымды нарық ретінде қарастырады.

Алматы қаласы әкімдігі инвестицияны дамыту және қолдау үшін бірқатар бағдарламаларды іске асыруда. Олардың қатарында өндіріс пен инновацияларды қолдауға бағытталған жобалар бар. Қалада жаңа өндірістік аймақтар ашылып, креативті индустрияны, IT секторын және жасыл экономиканы дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Қала экономикасын алға сүйрейтін негізгі күш – шағын және орта бизнес. 2025 жылдың 1 маусымындағы мәліметтерге сәйкес, Алматыда шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОБ) жұмыс істеп тұрған нысандарының саны 382,7 мыңға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 8,9%-ға артқан. ШОБ қала экономикасының 57,5%-ын құрайды. 2024 жылы шағын және орта кәсіпорындардың өндірген өнімі 24,9 трлн. теңгеге жетіп, 13,9%-ға өскен.

Биыл бизнесті субсидиялау мен қолдауға 70 миллиард теңге бөлінді. Оның ішінде, 52,8 млрд. теңге – жергілікті бюджеттен, 17,2 млрд. теңге – республикалық бюджеттен. Осы қаражат есебінен жалпы сомасы 61,3 млрд. теңгені құрайтын 440 жоба қолдау тапты.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау – негізгі басым бағыттардың бірі. Алматыда әлеуметтік кәсіпорындар тізіліміне енгізу бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл бағдарлама аясында кәсіпкерлерге 5 млн. теңгеге дейінгі гранттар мен салықтық жеңілдіктер ұсынылады. Атап айтқанда, әлеуметтік кәсіпорындарға арналған салық мөлшерлемесі 4%-дан 2%-ға дейін төмендетілген. 2022 жылдан бастап аталған тізілімге 141 әлеуметтік кәсіпорын енді. Олар әлеуметтік осал топтарға арналған тауарлар өндіреді, қызмет көрсетеді және осы топ өкілдерін жұмыспен қамтиды. 2025 жылдың алғашқы бес айында Алматы қаласының негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 714,4 млрд. теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 28,2%-ға артты. Бұл өсімге жеке инвестициялар да елеулі үлес қосты, олардың көлемі 7,9%-ға өсіп, 557,5 млрд. теңгені құрады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,
ЭКОНОМИСТ:

Көпсалалы өнеркәсіптік орталық

Алматы қаласы негізінен, сервистік бағыттағы қала болып есептеледі. Ол еліміздің экономикасының бестен бір бөлігін құрайды. Мұнда туризм, қызмет көрсету, көлік және басқа да сервистік салалар жақсы дамыған. Ал қаланың айналасындағы елдімекендерде аграрлық кәсіппен айналысатын азаматтар көп. Сонымен қатар, сырттан инвестиция тарту арқылы Алматы ірі өңірлік хаб ретінде қалыптасып отыр.

Алматы өңірі көпсалалы өнеркәсіппен де ерекшеленеді. Мысалы, ауыл шаруашылығында бал, құс, сүт, май, жеміс-жидек, картоп, қызылша өнімдері өндіріледі. Бұдан бөлек, түсті металдар өндірісі де бар. Осының бәрі ел экономикасына айтарлықтай үлес қосып отыр.

Экономикалық тұрғыдан аса маңызды мегаполистің табиғи жағдайының өзі туризмнің дамуына үлкен мүмкіндік береді. Жазда да, қыста да туристерді тартатын Шымбұлақ сияқты нысандарды ерекше атап өтуге болады. Сондықтан Алматының экономикалық әлеуеті тек қала шегінде ғана шектелмей, бүкіл ел экономикасының бестен бір бөлігін қамтамасыз ететін, инвестиция тартуға мүмкіндік беретін көпсалалы өнеркәсіптік орталық деп нық сеніммен айта аламын. Әсіресе, логистикаға деген сұраныс өте жоғары. Елдің жалпы ішкі өнімінің 6,5%-ына дейін осы Алматы өңіріндегі қызмет көрсету салаларынан түсетін табыстан құралады.

Мәселен, биылдың өзінде ғана бұл секторлар 28 миллиард доллар көлемінде табыс әкелді. Ал көлік саласы жалпы табыстың 21 пайыздан астамын құрайды. Оған қоса, логистика сияқты салалардан түскен кіріс көрсеткіштері Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда, әлдеқайда жоғары екенін байқауға болады. Алматы қаласына тартылған инвестициялық қаржы көлемі 542 миллиард теңгеден асты.

«ALMA LOVE»

Алматыда Халықаралық жастар күніне арналған мерекелік онкүндік басталды

3–12 тамыз аралығын қамтитын жоба Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының, әкімдік жанындағы жобалық кеңсенің қолдауымен жүзеге асырылып жатыр.

Қала тұрғындарына, әсіресе, белсенді жастарға мәдени, спорттық, экологиялық және шығармашылық іс-шаралар ұсынылады. Онкүндіктің алғашқы жарқын іс-шарасы – қаладағы көше би топтары мен кәсіби бишілерді жинаған «ALL STYLES BATTLE» би баттлы. Қатысушылар түрлі стильде өнер көрсетіп, тұрғындарға нағыз мерекелік көңіл күй сыйлады.

Алдағы күндері алматылықтарды жастар арасында экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған экоакцияларға қатысу, стартаптар мен креативті идеяларды таныстыратын жастар және әлеуметтік жобалар көрмесі, квест ойындар мен ұлттық спорт түрлерінен спорттық жарыстар күтеді. Сондай-ақ, мерекелік бағдарламада жас орындаушыларға арналған Open Mic форматындағы концерт пен жастар ойын айтып, қала ортасын жақсартуға ұсыныстар бере алатын диалог алаңы да бар.

Онкүндіктің шарықтау шегі – 12 тамыз күні Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін «Alma Love» қорытынды фестивалі болмақ. Кіру – тегін.

– Жастардың дамуына жағдай жасау және олардың бастамаларын жүзеге асыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Осы онкүндік аясында түрлі форматтағы іс-шараларды қамтып, әртүрлі қызығушылықтары бар жастарды біріктіруге тырысамыз. Барлық алматылықты белсенді қатысып, мерекелік атмосфераны бірге сезінуге шақырамыз, – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Халықаралық жастар күніне орай

ALMA LOVE festival

05.08 | EcoVibe 06.08 | Graffiti Jam

07.08 | Квест-игра «Jastar joly» 08.08 | Jastar Talks 09.08 | Social Lab

10.08 | Youth nomad 11.08 | Open mic

12.08 | GRAND FINAL «ALMA LOVE»



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17PY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында көрініп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

АКЦИЯ

Әуезов ауданы:

ЖАЙЛЫ ӨМІР

жинақы ортадан басталады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясының аясында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны негізінде сенбілік ұйымдастырылды.

Алматы қаласының Әуезов ауданында экологиялық тазалық жұмыстары ұйым-

дастырылды. Аталған акцияға экобелсенділер, табиғатқа жанашыр жандар, қала тұрғындары және т.б. қатысты.

Сенбілік мақсаты – акцияның негізінде қала тазалығын ұқыпты ұстау, тұрғындарды тазалық мәдениетін қалыптастыруға үндеу.

– Біздер 2 ай көлемінде экологиялық тазалық акциясына қатысып келеміз. Басты мақсат – қала тазалығын сақтап, мегаполис аумағын көгалдандырып, көркейту. Бұл өте жақсы бастама. Әр сенбі сайын қала аумағын тазарту үшін сенбілікке атсалысып келеміз. Осындай кәделі істер жас ұрпаққа өнеге деп ойлаймын, – деді экологиялық науқанның мән-маңызы туралы Әуезов ауданы Әлеуметтік бөлімінің меңгерушісі Закида Тастембекова.

Сондай-ақ, аудан тұрғындары да дәстүрге айналған «Таза Қазақстан» жалпы экологиялық акциясынан шет қалмай, шаһардың шырайын келтіруде белсенділік танытуда. «Тазалық науқанына қатысу – азаматтық парызымыз. Өзім 65 жасқа толдым. Соған қарамастан, үйде де пластик, шыны, пластмасс қалдықтарын сұрыптап, жәшіктерге бөліп салуға тырысамын. Ұқыпты болуға әрбір жанды шақырамын, – деді қала тұрғыны Қалдыбай Әбдіқадыров.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жетісу ауданы:

ҚАЛАНЫҢ ШЫНАЙЫ КЕЛБЕТІ

ортақ жауапкершілік пен азаматтық белсенділіктің көрінісі

Алматы – табиғаты көркем, тарихы терең, рухани болмысы бай шаһар. Бірақ қандай да бір қаланың шырайы тек ғимараттармен, жолдармен не шамдармен өлшенбейді. Қаланың шынайы келбеті – оның тазалығында, көркем көшелерінде, ұқыпты аулаларында.

Алматы тұрғындары мұны жақсы түсінеді. Сол себепті де, 2 тамыз күні қалада өткен жалпы сенбілік – жәй тазалық жұмысы емес, ортақ жауапкершіліктің, азаматтық белсенділіктің көрінісі болды. Таңертең сағат 09.00-де Рысқұлов даңғы-

лы мен Бөкейханов көшесінің қиылысында басталған сенбілік экологиялық мәдениет пен рухани тәрбие мектебінің үлгісіне айналды.

– «Сенбіліктің басты мақсаты – тазалық сақтау ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Өкінішке қарай, кейде «тазалық – тек коммуналдық қызметтің шаруасы» деп түсінетіндер бар. Бірақ бұл – түбегейлі қате пікір. Экология дегеніміз – өмір сүру салтымыздың ажырамас бөлігі. Бұл – баршамызға ортақ, күнделікті мән беруді қажет ететін маңызды мәселе», – деді Жетісу аудандық көріктендіру бөлімінің бас маманы Ернар Батыров.

Рая ЕСКЕНДІР.

СПОРТ

SHYMBULAK SUMMER BLITZ

шахмат турнирі өтті

Алматы Шымбұлақ тау-шаңғы акурортында әлемнің және Қазақстанның үздік шахматшыларынан құралған сегіздік арасында айналмалы жүйе бойынша «Shymbulak Summer Blitz» турнирі өтті.

Ернұр РЫСБАЙ

«Shymbulak Summer Blitz» турнирінің регламенті бойынша қатысушылар блиц 3+2 форматында әр ойыншыға 3 минут және әр жүріс үшін 2 секунд қосымша уақыт беріліп, айналмалы жүйе бойынша екі айналым өткізді.

Турнирда тартысты партиялар аз болмады. Қазақстандық Меруерт Камалиденова алғашқы жеңісіне 4-ші турда жетті. Ол блиц бойынша үш дүркін әлем чемпионы Александр Гришукты қара фигуралармен жеңіп, сенсация жасады. Одан кейін үнді гроссмейстері Нараянанды да ұтты. Кейінірек Даниял Сәпеновты да жеңіп шықты.

Ал шахмат жанкүйерлері «ирандық Каспаров» атап кеткен Пархам Магсудлу жарыстың алғашқы кезеңінен бастап көш басына шықты. Бірақ 19 жастағы Володар Мурзин мен Алдияр Аңсат, Денис Махнёв те қарқынын үдетіп, нағыз бәсекелестік танытты. 7 турдан кейінгі жағдай бойынша Магсудлу 6 ұпаймен алда келе жатса, Мурзин 5, Аңсат пен Махнёв 4 ұпаймен оған жақын тұрды.

Екінші айналымда ойыншылар фигура түсін ауыстырып, сол жұлппен қайта ойнады. Турнирдің екінші жартысы қыза түсті: Махнёв Магсудлуды қара фигурамен ұтып, сенсация жасады, ал Гришук өзінің тәжірибесімен қарсыласын басып озды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Осылайша 9-тур соңында көшбасшылар үш ойыншыға көбейді – Магсудлу, Аңсат және Махнёв.

Бірақ соңғы кезеңде тәжірибелі Магсудлу қатарынан үш жеңіс тіркеп, көшті қайтадан өз қолына алды. Алайда, ол күтпеген жерден Сәпеновке жеңіліп, турнир соңына дейінгі тартысты қыздыра түсті. Соңғы турда Магсудлу 9 ұпаймен алда тұрды, оның соңынан Аңсат пен Махнёв өкшелей келді. Аңсат ақ фигурамен Магсудлуға қарсы ойнаса, Махнёв Гришукпен қара түспен кездесті.

14 турдың қорытындысы бойынша турнир жеңімпазы 10 ұпай жинаған ирандық гроссмейстер Пархам Магсудлу болды. Екінші орынды 8 жарым ұпаймен ресейлік Александр Гришук иеленсе, үшінші орынға ФИДЕ атынан қатысқан Володар Мурзин тұрақтады. Оның да қоржынында 8 ұпай, алайда қосымша көрсеткіштер бойынша ол қазақстандық Алдияр Аңсат пен Денис Махнёвтен алға шықты. Аңсат пен Махнёв те 8 ұпайдан жинағанымен, Зоннеборн-Бергер коэффициенті бойынша артта қалды. Даниял Сәпенов пен

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Александр БОБЕНКО, Қазақстан Шахмат федерациясының вице-президенті:

ШАХМАТ – БАЛАЛАР БОЛАШАҒЫНА ЖОЛ АШАТЫН САЛА

Бүгінгі жарысқа әлемдік деңгейдегі шахматшылар қатысып жатыр. Атап айтқанда, әлем чемпионы Володар Мурзин, Иран мен Үндістаннан келген мықты гроссмейстерлер, сонымен қатар еліміздің намысын қорғайтын жас дарындар – Алдияр Аңсат, Денис Махнёв, Даниял Сәпенов және әлем кубогының үздік 16 қатарына енген Меруерт Камалиденова. Бұл – қазақстандық шахмат үшін үлкен мәртебе. Біз тек спортпен айналысып жатқан жоқпыз. Біз тарих жасап жатырмыз. Шахмат – бұл қоғамды біріктіретін, жастардың зияткерлік деңгейін көтеретін, ең бастысы, балалардың болашағына жол ашатын сала.

үндістандық Нараянан Сунилдут Лина 5 жарым ұпайдан жинаса, турнир кестесін 2 жарым ұпаймен Меруерт Камалиденова түйіндеді.

Турнирдің жалпы жұлде қоры – 8500 АҚШ долларын құрады. Бас жұлде – 2500 доллар Пархам Магсудлуға табысталса, екінші орын иегері Александр Гришук 2000 доллар иеленді. Володар Мурзин 1500 доллар сыйақы алды. Алдияр Аңсатқа 1200 доллар, Денис Махнёвке 800 доллар, ал Даниял Сәпеновке 500 доллар көлемінде ақшалай сыйлық берілді.